



Мағжан



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады



АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 21 (402)
27 мамыр, 2021 жыл



Бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды. «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі Тәуелсіздіктен бастау алады» деген еді Президент үндеуінде.



Бүркіт АЯҒАНОВ,
тарих ғылымдарының докторы:

ӘЛІ ДЕ АҚТАЛМАҒАН АДАМДАР БАР

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Енді «Қазақстанда іс жүзінде ақталмаған саяси құғын-сүргін құрбандары санаттарының толық тізбесін анықтау, оның ішінде: қолданыстағы заңнамада қамтылмаған құрбандар санаттары; заңнамада аталған, бірақ іс жүзінде ақталмаған құрбандар санаттарын» анықтау тапсырылған мемлекеттік комиссия жұмысы кем дегенде екі-үш жылға жалғасуы мүмкін. Бұл жөнінде бізге тарих ғылымдарының докторы Бүркіт Аяғанов толығырақ айтты берді:

– Мемлекеттік комиссия жұмысы бытыр мамыр айында басталды. Белгілі тарихшылармен бірігіп: «Реабилитация мәселесі соңына дейін жетпеді. Талай адам әлі ақталмады» деп жоғары хат жаздық. Содан бұл бастамы Президент қостаған соң мемлекеттік комиссия құрылды. Бір жыл ішінде көп жұмыс атқарылды.

Бірақ бұл жұмысқа әлі күнге дейін қаржы бөлінген емес. Ғалымдардың көбі архивте жұмыс істеп жатыр. Үкімет жаңынан одис орталығын берді, сосын КГБ-дан жұмыс істеуге рұқсат алдық. Бұл комиссия кем дегенде екі-үш жыл жұмыс істеуі керек. Зерттеудің негізгі мақсаты – толық реабилитация жасау. Неге толық ақтау деп айтады? Себебі сыртқа кеткен азаматтар, одан кейін «бай, қулақ» деп сотталғандар ақталмаған. Соғыс кезінде тұтқын түскендерді бәрі бірдей оңасыз емес қой. Олардың да көбі ақталмаған. Тарихты қарап отырсаңыз, әлі күні ақталмаған категория көп.

Соған байланысты қазір жұмыс жүріп жатыр. Зерттеу әдіснамасы реттелді, ғалымдардың тізімі нақтыланды. Комиссия құрамында ғалымдар мен тарихшылардан бөлек прокуратура мамандары да бар. Оған қоса облыстық және өңірлік комиссиялар да жұмыс істеді.

Совет дәуірі тақырыбы – қазақтар үшін ауыр мәселе. Кезіндегі партиялық комитеттер, бұрынғы саяси полиция көптеген құжаттарды жоқ қылып жіберген. Екіншіден, тізім анық емес. Олар адамды атуға шебер, бірақ істің ізін жасырып отырған. Сондықтан көп құжат Ресейде болуы мүмкін. Себебі, талай қазақ азаматы Ресей территориясында сотталған. Олардың да тізімін табу оңай емес.

Бірақ соған қарамастан жұмыс істеп, реабилитация талап еткен адамдардың тарихын бір жөнге келтіру керек. Кезінде қазақтар көршілес Өзбекстан, Ресей, одан әрі Түркия, Америкаға дейін кеткен. Сол үшін осы мемлекеттермен де хат жазысып жатырмыз. Журналистерге айтуға ғана оңай, бірақ құжат дегенің миллиондаған қағаз гош. Онымен жұмыс істеу оңай нәрсес емес, дейді тарихшы.

Тарихшымен тілдесіп бұрын бізді «Зерттеу соңында ел күткен нәтиже қандай болады және бұл зерттеу қандай құжатпен бітілуі мүмкін?» сауалдың ойландырғаны рас. Кекейдегі сұраққа келесідей жауап алдық:

– Зерттеу аяқталған соң Президент Жарлығы шығу керек емес. Парламенттің жарлығы қырылу қажет. Дұрысы, әрине. Парламенттің қарағаны. Зерттеу соңында саяси және моральдық, заңдық шешім қабылдап беру керек. Біз бастапқыда сот прокуратурасымен сөйлескенде олар «іс қозғалды, бәрі ақталды ғой» деп айтты. Сөйтсе 1989-1990 жылдары көп адам ақталған екен. Бірақ ең сұмдығы, көп адам сот шешімімен емес, НКВД яғни милицияның шешімімен құдаланған. Оларды ешқандай адвокат қорғамаған, прокуратура көрмеген. Ол кезде милиция ойына келгенін істеп, адамдарды «Халық жауы» деп он, жиырма жылға айдай берген. «Халық жауының» ийелі, баласы деп қаншама адамды айдап салды. Ешқандай дәлел жоқ, соның көбі қансыз кеткен. Тіпті олардың 100 пайызы заңсыз сотталған, бұл ешқандай халықаралық заңдарға сәйкес емес. Мысалы, жазған кітабы үшін, бай болғаны үшін немесе

біреудің әйелі болғаны үшін соттайды. Біздің қазақты «коммунизм саламыз, социализм құрамыз» деп алдаған. Сөйтіп адамның құқығын бұза берген, – дейді Б.Фелманұлы.

1993 жылы 14 сәуірде қабылданып, 2018 жылы 2 шілдеде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Жаппай құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заңның бары екені белгілі. Бірақ саяси тақырып осы кезге дейін неге өз деңгейінде көтерілмеді? Көпшілікті мазалаған осы сауалдың да жауабын білуге тырыстық.

– Менің ойымша, оның екі себебі бар. Біріншіден, біздің ішімізде баяғы Совет үкіметін ақтайтын адам әлі көп. Кезінде оларды «Совет үкіметі – ең керемет жүйе» деп сендірген ғой. Содан олар бүгінге дейін «Кеңес үкіметі бекер соттамайды, қудаласа бір себебі бар шығар»

деп қарсы шыққан. Қазақтың ішінде сондай керемет пікірдегі адамдар бар. Екіншіден, осы сталиндік топтар көрші мемлекетте де кездеседі. Оның саяси қалпын Кеңес үкіметін құрғысы келетіндер де жоқ емес. Сондықтан олар тарихтағы кемшіліктерін көрсетуге тырысады, – дейді ҚР Ұлттық Кеңесінің мүшесі.

Енді өңірдегі комиссияның жұмысына тоқталсақ. Қызылорда облысы әкімдігінің № 185 қаулысымен былп 20 қаңтарда Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия құрылған.

Комиссия құрамында 21 адам бар. Төрағасы – облыс әкімінің орынбасары Серік Әбжанұлы. Комиссияның жұмысшы органы – Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы. Комиссия құрамында өз саласының білікті мамандары, ғалым-зерттеушілер, қоғам белсенділері, мәслихат депутаттары бар. Өңірлік комиссияның бүгінгі атқарып жатқан жұмысын облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Уәлихан Ибраев келесідей тарқатты:

– Бүгінде комиссия мүшелері мен Қорық ата атындағы Қызылорда университеті базасында құрылған жұмысшы топ өкілдері Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінде және облыстық Полиция Департаментінің архивтерінде сақтаулы тұрған зұлмат жылдар тарихына қатысты құпия құжаттармен жұмыс жүргізуде.

Кенестік кезеңде нақақтан-нақақ жала жабылып, жазықсыз құрбан болған азаматтардың шынайы есімін қайтару – жүйелі әрі кешенді жұмыстарды талап ететін ұзақ процесс. Осы ретте, Мемлекет басшысының Жарлығымен Мемлекеттік комиссия алдына құрбандар мен зардап шеккендердің барлық санаттарын толық заңдық және саяси ақтауды аяқтау міндеті қойылған. Сондықтан өңірлік комиссияның барлық іс-шаралары зерттеу және тапсу қызметі осы міндетті орындауға бағытталып отыр.

Комиссия жұмысы барысында ескеретін негізгі мәселе өңірлік комиссия мүшелері әрдайым мемлекеттік ұстанымда тұрып, оқиғалар мен фактілерге, сондай-ақ тарихи тұлғалардың қызметіне, субъективтік қаралық іс-шараларға жол бермейді. Жалпы, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша өңірлік комиссияның талдамалық анықтамалары әзірленді. Анықтамалардың негізінде халқымыздың жартысының өліміне өлеп соққан мемлекеттік зорлық-зомбылық пен қуғын-сүргіндерге ұлағатын, болышевиктік-сталиндік биліктің негізгі саяси, әлеуметтік-экономикалық қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді саяси науқандары, ірі қуғын-сүргін ошақтары болған жерлерде, қалалар мен аудандар бөлінісінде құрбандар мен зардап шеккендер саны бойынша ғылыми негізделген саяси-құқықтық қорытынды дайындалатын болады. Комиссия жұмысының маңыздылығын ескіре отырып, барша оқырманды ұлттық тарихымыздың қадірлі беттерді бірлесіп ашуға шақырамын, – дейді У.Ибраев.

Василий Уткин мен Георгий Черданцев – қалың қазаққа таныс есімдер. Нобель сыйлығын алған ғалымдар секілді әлемді танқаладыратындығы еңбегі болмаса да, көрермен қос азаматтың комментаторлық еңбегін жоғары бағалайды. Ресейдің азаматтары футбол трансляциясы арқылы әлемге танымал бола бастады. Футбол матчтарын жүргізудің керемет көрінісін қалыптастырған Уткин мен Черданцевтың шеберлігін Fifa ұйымы да жоғары бағалап, playstation ойындарына қосты. Бұл – көршілес Ресейдегі көрініс. Біздің елде бұл қызметтің сапасы қандай? Не себепті ел комментаторларына көрерменнің кеңілі толмайды? Мемлекеттік арналар мамандардың еңбегін қалай бағалайды? Комментаторлықтың айналасындағы сан сауалдың астарын ақтарып көрсек...



ҚАЗАҚ КОММЕНТАТОРЛАРЫНЫҢ ХАЛІ ҚАЛАЙ?

Ерасыл ШӨРІБЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Батыста (Еуропа) үздік комментаторлар айына 5-10 мың АҚШ долларын алады. Танымал елдер тізінді жана алғандарға айына 300-500 долларға дейін төленеді. Орта есеппен Ресейде комментаторлар 1000-1500 доллар табыс табады. Салыстырмалы түрде НВО арнасының комментаторлары

әлемде ең көп табыс табатын мамандар болып саналады. Джим Лэмпли есімді комментатор жылғына миллион доллардан аса табысқа ие. Мако Келлермандікі миллионға жуықтайды. Шақырылатын боксшылар мен бәккерлер сараптама жасап беру үшін – 5 мыңнан 15 мың долларға дейін табыс табады.

Ербол КАИРОВ:

ҚАЛАМАҚЫ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ КЕРЕК

– Елімізде комментаторлардың еңбегі көбіне бағаланбайды. Бұл сала Ресей немесе өзгеде батыс елдердідей дамысын десек, жағдайды жақсартуға тиіспіз. Мысалы, бір матчты мемлекеттік телеарнада жүргізген қаламақы мөлшері 12 500 теңге, ал бокс, вело жағында секілді 4-5 сағат уақытында жұмсайтын спорт түрлеріне қызмет көрсеткен 16 мың теңге төленеді. Бір қызықты айтқайын, мемлекеттік телеарнаға қарағанда әуесқой футбол лигалары қызметті жақсы бағалайды. Youtube желісі арқылы жүргізген матчқа әуесқой лига 20 мың теңгеге дейін төлем жасалынады. Сондықтан мемлекеттік

телеарналардағы сапаны жақсарту үшін қаламақыны 25-30 мың теңгеге дейін ұлғайту керек. Адамның материалдық жағдайы жақсы болса, қызметіне де адал әрі жауапкершілікпен қарайтыны анық. Сонымен қатар қазіргі телеарнасы комментаторлық қызметке арнайы штат ашуы керек секілді. Өйткені арнадағы комментаторлардың барлығы дерлік өзге қызметте жүріп, қаламақыға қызмет көрсетеді. Егер штат ашылса, белгілі мамандар қызметке орналасып, тек сол жұмыспен шұғылданады және ізденіс жұмыстарына уақытты жеткілікті болады. Сондай-ақ аталған қызметке журналистика мамандығының маманы



яғни спорттан мол хабары бар адамдар тізінді ұстауы керек. Мысалы, өзім кетпеді экранға шықпай тұрып, мерзімді басылымдарда, футбол федерациясында қызмет істедім. Спорт саласында істеген қызметтік тәжірибем көбіне пайдасын тигізіп жатады.



94 НЫСАНДА «ASHYO»
ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



ҚҰРМЕТТІ
ТӨРТ АЙ

БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралады. Алдымен Тасбөгет кентінде орналасқан Бас тоған су алу гимаратында атқарылып жатқан жұмыспен танысты.



Қазіргі таңда Қызылорда қаласына тәулігіне 83 мың текше метр ауыз су 74 бірлік Қызылжарға жер асты ауыз су ұңғымасынан өндіріліп, тұтынушыларға тартылады.

Бас тоған су алу гимаратында «Степль», «Арай» және «Бас тоған» су алу құрылымындағы ауыз су ұңғымасының таза қорына жиналып, II су көтеру насос станциясынан диаметрі 560 мм болатын 4 магистралды құбырлар арқылы қалаға жіберіледі. Оның 2 тармағы транзиттік.

Ауыз су саласын күнделікті көсірінің аттестациядан өткен базалық зертханамандары әр 30-60 минут аралығында сараптама жасап, қадағалайды. Қалалық орталық ауыз су жүйелерінде 19 су алу нүктесінен күнделікті бактериологиялық және химиялық сынақтар алынып, сараптама жасалынады.

«Қазіргі уақытта қаланың бірқатар мөлтек аудан тұрғындарынан су сапасына қатты алаңданады. Судың қысымы жоғары қабаттарда орналасқан пәтерлерге кетпейді деген де шағымдар бар. Осы мәселелерді шешу үшін кәсіптік жұмыс жүргізіп, қатан бақылауға алынады», –

деді Гүлшара Әбдіқалықова. Одан кейін облыс әкімі сол жағалаудағы «УАД» ЖШС арқылы құрылыс жүргізіліп жатқан қалалық магистралды және С.Бейбарыс көшесіндегі көпірден ЖТЖ (ПДП) көшесіне жанасуға дейін жалпы қалалық маңызы бар магистралды көшелердің құрылыс жұмысын тексерді.

Сол жағалауда құрылыс жүргізіліп жатқан қалалық магистралды көшесін құрылысының жобасының құны 3 391,8 млн теңге. Құрылыс жұмыстары 2017 жылы басталған, ағымдағы жылы бітеді деп жоспарлануда. Көшенің жалпы ұзындығы – 8,4 км. С.Бейбарыс көшесіндегі көпірден ЖТЖ (ПДП) көшесіне жанасуға дейін жалпы магистралды көшенің құрылыс жобасының құны 1 272,7 млн теңге. Жалпы ұзындығы 2 км құрайды, жүзеге асырылу мерзімі – 2021-2022 жж.

Мұнымен қоса, аймақ басшысы Қарауылтебе ауылына барып, «ҒЗИ» күрші ақпанының жұмысымен танысты және қала тұрғындарына арнайы бау-басқа етуге арналған жер алқабын көрді.

«ҒЗИ» күрші ақпанының жалпы жер

көлемі – 8750 гектар. Бұл жерде жаздық бидай, күздік бидай, арпа, сұлы, қант қызылжары өсіледі.

Сонымен қатар Қарауылтебе ауылдық округінен «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС жерінен Қызылорда қаласының тұрғындарына қартоп, көкөніс және басқа өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында, маусымдық кезеңде өздері егін етуге шамамен 10 гектар жер бөлінді. Осы жалпы су ташылынына байланысты қала және ауыл тұрғындарын қолдау мақсатында су тартатын насос құрылысы алып берілді.

Есеп салу керек, егістік жер көкөніс және басқа дақылдарды егу мақсатында маусымдық кезеңге уақытша беріледі. Аймақ басшысы егін жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастыруды, су ташылынына байланысты суды аз талап ететін егін түрлерін көбейтуді тапсырды.

Жалпы Қызылорда қаласына қарасты егіс алқаптарында 3920 га күрші, 2783 га көкөніс, қартоп, басқа дақылдары, 1616 га мал азықтқ дақылдары, 474 га денді дақылдар және 40 га жерге майлы дақылдар егіледі деп жоспарлануда.

ШАХМАТ ЖӘНЕ ДОЙБЫ ЖАРЫСЫ



Аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Сырдария ауданында мүмкіндігі шектеулі жастар арасында шахмат пен дойбыдан жарыс өтті.

Жарысқа аудандық спорт клубының қызметкерлері қазылық жасады.

Дойбы жарысының нәтижесі бойынша Нұржан Қаратаев I орын, Бақытжан Пірманов II орын, Әлімжан Қазан III орынға ие болды. Ал, шахмат жарысының нәтижесі бойынша Ерлан Әбдібаев I орын, Қайрат Пірімбетов II орын, Сәулесбек Қарбаев III орын алды.

Жарыс жеңімпаздарына арнайы алғыс хатпен сыйлықтар берілді. Айта кету керек, аталған шараға қатысушы барлық жасқа ұйымдастырушылар тарапынан сыйлық үлестірілді.

АЙДАНАДА – 137 БАЛЛ

Сырдария ауданының түптегі ұлттық бірыңғай тестілеуден 137 балл жинады.

Былғы ҰБТ жылдағыдан өзгеше форматта өткізілуде. Түптегі сынаққа 2 мәрте қатысып, бақ сынап алады. Тестілеуде сырдариялық жас түлек Айдаана Нұрланқызы 137 балл жинап, үздіктер қатарынан көрініп, Айдаана Жалғас – №44 орта мектептің «Алтын белгіге» үміткер оқушысы. Арманы асқақ, білімге құштар түлегіміз тынымсыз дайындалып, арқасында, ата-ана, мектеп ұстаздарының мерейін асықтатып, бойға сіңген білімді дәлелдеді.



КӨҢІЛДІ WEEKEND



“Nur Otan” партиясы Қазалы аудандық филиалы және Жас Отан жастар қанаты Қазалы аудандық бөлімшесінің ұйымдастыруымен «Көңілді WEEKEND» атты тазалық акциясы өтті.

Аудан орталығы – Өйтеке би кентінде өткен тазалық акциясына дербес бөлімдер және мекеме-касіпорын қызметкерлерімен қатар, аудан жастары да белсене қатысты.

Акцияның шарты бойынша әрбір команда мүшесі 10 адамнан жасап, белгіленген аумақты тазартты. Тазалық шарасына әрбір команда белсене қатысып, әр жерге шашылған қоқыстарды жинасты. Нәтижесінде белгілі бір уақыт ішінде өздеріне белгіленген аумақты айындап тазалап, қоқыстарды жинастырған аудан жастарынан құралған команда жеңімпаз атанды.

Жеңімпаздарды “Nur Otan” партиясы Қазалы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрғиса Жалғасбаев құттықтап, бас жүлдеге тігілген бағалы сыйлықты табыстайды. Мұнан бөлек, сөзбілікке белсене қатысқан Өйтеке би кенті әйел аппараты мен аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметкерлеріне де ақшалай сыйлық тапсырылды.

Тазалық акциясына қатысқан барлық командалар назардан тыс қалған жоқ. Жүлделер орындарға иіпбеген қатысушылар “Nur Otan” партиясы Қазалы аудандық филиалының “Алғыс хатымен” марапатталды.

СУҒА ШОМЫЛАТЫН КҮН ЖАҚЫН



Облыста өзен және көлдерге суға шомылуға бірінші маусымнан бастап рұқсат етіледі. Қазір арнайы орындар дайындалып жатыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Асхат Тоғызбаев мәлімдеді.

Төтеншелерде суға шомылу маусымында сақтық шараларына аса мән беру қажеттігін ескертеді. Жедел-құтқару жасағында 54 сүңгуір маманы, 18 бірлік техника, 16 дана ілмелі моторлар және 29 жүзу құралы бар.

Жаз айларында тұрғындар демалыстарын өзен-көлдердің жағасында өткізеді. Қарапайым ережелерді сақтамнанған бағытсыз жағдайлар орын алады. Арнайы белгіленбеген орынға мүлдем суға түспе болмайды. Қауіпсіздік ережелерін ересектер бұзып, рұқсат етілмеген жүзу құралдарын қолданғандарға шара көріледі. Жыл реңдіткі шараларды көбейтіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілудің, – деді Асхат Тапалтұлы.

Осыған дейін, судың қауіпсіздік ережелерін онлайн режимде 195 оқушыға, алғашқы көмек көрсету тәсілдері 7 интерактивтік сабақ арқылы түсіндірілді.

Аида АЙТБАЕВА, ҚМУ-дың II курс студенті

ОҚУАЛАУАТҚАН СУҒА ТҮСТІ

Қазалы ауданындағы Бек-арыстан би ауылында алғаш рет Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Майданөл ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастыруымен, Жас Отан жастар қанаты Қазалы аудандық филиалы және жеке кәсіпкер Қабак Өлшіберді қолдауымен бильярдтан ауыл жастары арасында спорттық жарыс өтті.

Барлығы 16 спортшы қатысты. Мақсат – ауыл жастары арасында бильярд ойынын негізін насихаттау және жастар арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру. Жарыста округ әкімі Құрманбаев спортшыларға сәттілік тіледі. 3 күнге созылған тартысты ойында үздіктер анықталып, нәтижесінде С.Мбетов жеңімпаз атанды. II орын Р.Садүақасқа бұйырса, III орынды М.Жөміс иеленді. Жеңімпаз және жүлдегер спортшылар естелік кубок, медальдармен және ақшалай сыйлықпен марапатталды.



ЖАСТАР ЖАРЫСҚА ТҮСТІ



Жаңақорған ауданы ішкі саясат бөлімінің аудандық жастар ресурстық орталығының әлеуметтік тапсырысы аясында аудандық деңгейдегі жастар спорт бөлімінің қолдауымен «Қызылорда облысының жастар одақтары» ҚБ-нің ұйымдастыруымен WORKOUT және STREETBALL жарыс түрлерінен 14-28 жас аралығында сайыс өтті.

WORKOUT жарысына барлығы 22 жас қатысса, жеңімпаз STREETBALL жарысында 8 ұлдар командасы, 4 қыздар командасы бақ сынасты. Жеңімпаз атанған командалар және жеке жастар қатысқандар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«ДӘРМЕК» БАСТАЛДЫ



24-28 мамыр аралығында облыс көлемінде «Дәрмек» профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

«Дәрмек» жедел профилактикалық іс-шарасы есірткінің заңды айналымы саласында құқық бұзушылықтарды анықтауға бағытталған.

Қызылорда облысы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлерімен есірткі құралдарының психотропты заттардың және прекурсорлардың заңды айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын дәрханалар мен қоймаларға тексеру жұмыстары жүргізілуде.

25 ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН САЛЫНАДЫ

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басшысының орынбасары Арнұр Әбілқұлы мен облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасы басшысының орынбасары, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Марат Салқандылы облыста салынып жатқан әлеуметтік нысандар және тұрғын үйлердің құрылысы бойынша атқарып жатқан жұмыстар туралы тоқталып өтті.

Сыр өңірінде құрылыс қарқынды жүргізілуде. Быыл тағы да 25 әлеуметтік нысан салыну жоспарланған. Екеуінің құрылысы аяқталды. Мәселен, Шиели аудандық тарихи-өлкетану гимаратының қосымша құрылысы, Қызылорда ОИД-нің өскери және арнайы дайындығы бойынша оқу жаттығу полигон құрылысы пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 17 нысанға құрылыс аяқтанды. Ал қалған 8 нысан 2022 жылға өтеді. Сонымен қатар 16 нысанның жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан қарауына ұсынылған. Сондай-ақ былтыр облыста барлық қаржылардың көзі есебінен 2 158 пәтерлік 105 тұрғын үйдің құрылысы жоспарланған. Жыл соңына дейін жалпы ауданы 104,6 мың ш.м. 1 575 пәтерді құрайтын 61 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген.

– Быыл Ұлттық қордан саатып алу құқығының жалға берілетін 54 тұрғын үйдің құрылысына, аз қамтылған кең балалы отбасылар үшін 342 жалға берілетін пәтер саатып алуға қаржы бөлінді. Ал кредиттік тұрғын үй құрылысы бойынша жыл соңына дейін 38 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға беру жоспарлануда, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрманбетов.

Аида АЙТБАЕВА, ҚМУ-дың II курс студенті

ЖАСТАР АКЦИЯСЫ

Шиели ауданында «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына» орай «Тәуелсіздік – тынымсыз, бүгінгі дәулеті – өртенгі ырсық» атты патриоттық жастар акциясы өтті.

Жастар акциясын Шиели ауданының ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы мен Қызылорда облысының жастар одақтары қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Аталған шараға ауданның жастары белсенді қатысып, жас патриоттар жастар атынан үндеу оқып, жастар ауданының тазалығына тұрғындарды зор ықыласпен қатысуға шақырды.

Шара барысында кент орталығына санитарлық-тазалық жұмыстары жүргізілді.



ӨНЕРТАЛҚЫШТАР ФЕСТИВАЛІ



Қазалы аудандық оқушылар үйінде жастар ресурстық орталығы, Қазалы аудандық білім бөлімі және «Қазалы-Жомарт» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, Қазалы ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Жаңа ғасыр – жаңа технология» атты аудандық робототехника фестивалі өтті. Оған аудан әкімінің орынбасары Жалғас Оңғарұлы, Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы Дәурен Оңғарбаулы және аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Асылхан Жұмабеулы қатысты.

Мақсат – оқушылардың инновациялар мен жоғары технологиялар саласына деген қызығушылығын арттыру, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, оқушылардың инженерлік-техникалық өсептерді шешуде шығармашылық және техникамен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, техникалық модельдеуді насихаттау, оқушылардың робот моделін құрау және роботтарды бағдарламалау бағытындағы үздік жобаларын анықтау, оқушылар мен педагогтардың шығармашылық жетістіктерін насихаттау, педагогтар мен оқушылардың тәжірибе алмасуына жағдай жасау, өдістемелік қолдау көрсету.

Робототехника фестиваліне қатысқан 38 оқушы 4 бағытта: «Робот-асық ату», «Робот-қыз құр», «Робот-қазақша күрес», «Робот-арқан тартыс» сайысқа түсті. «Робот-қыз құр» бағытында I орын Сайфулла Рамазанға, II орын Жолдасбай Дарыға, ал III орын Саламат Дәуренге бұйырды. Сондай-ақ «Робот-асық ату» номинациясымен I орын Руслан Дискор, II орын Садуақас Рүстем, III орынды Айбергел Нұрсыл енішті. «Робот-қазақша күрес» бағыты бойынша I орын Сақтаған Ақарыс иеленсе, II орын Болат Бексе, III орын Насыррадин Темірлан жеңіп алды. Сонымен бірге «Робот-арқан тартыс» номинациясы I орын Жадігер Арманбекке, II орын Бақытбергел Айбергелге, III орын Мейгенге бұйырды.

Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ

Бетті дайындаған: Мәлдір САБЫРЖАН

ЕСКІ ЖИҢАЗДЫ ҚАЛШЫНА КЕЛТІРЕДІ



Бүгінде жиһаз бағасы аспандап тұр. Оны дүкенге кіргенде бірден аңғаруға болады. Сосын дұрысы ескіні жаңалаған тиімді ме деп ойлайсыз. Расында бұрынғы дүниені жөндетер болсаң, жаңа дүниеден ешқандай айырмашылығы болмайды. Сапалы, тартымды етіп істеуге бүгінде кәсіпкерлер машықтанған.

Аралдық Сәуле Елемесова да осы іспен айналысып келеді. Оның жұмысына тұрғындар дан риза. Ол тұтынушылардың көңілінен шығу үшін қанша уақыт қажет болса да, алған тапсырмасы тындырымды жасауды мақсат еткен. Бүгінде оның тұтынушылары өте көп. Біз бір дүниені жасасақ, жан-жаққа хабарласып, сүйінші сұрауға асығамыз ғой. Істеген жұмысы көңілінен шықса, кәсіпкерге тұтынушыны да өзіміз тауып береміз. Міне, Сәуленің көп тұтынушылары осылай пайда болған. Ол «Бастау» жобасы аясында кәсіпін дөңгелетіп отыр.

Бүгінде ескі дүниені жаңалауға тұрғындар үйреніп келеді. Бұрын жаңасын сатып алатындар көп еді, бүгінде қайта қалпына келтірушілер саны артқан. Тұтынушылар біреу арқылы хабарласып тұрғанын айтқанда қуанып қаламын. Тұтынушыны іздеп әуре болмаймын, бір-еңі жерге барсам, үш-төрт тұтынушының өзгелінен шығатыны жақсы. Сондықтан да әр ісімді тиянақты жасауға асығамын», – дейді кәсіпкер.

Сәуле тігіншілікті анасынан үйренген. Әзі Аралдың шағын тігін шеберханасында жұмыс істеп, тәжірибесін жетілдіреді. Кейін өзі тұратын сол өңірде жиһаз әзірлеуін кәсіпорында жөндеуді, оларға қаптама жасауды үйренеді.

– 2019 жылы таныс келіншектер «Бастау» жобасында оқып, қолынан келетін тіріліктерін кәсіпке айналады деп жатқанын айтты. Мен де қызығым кетті. Шұыр, қолынан тігін тігу де, жиһаз жөндеу де келеді. Сонымен ойлана келе хоббиімді кәсіпке айнадырмақпа бекімдім. «Бастау» жобасын оқып, кәсіпті бастау, жүргізуге қатысты құнды ақпараттар алдым. Білім көкейімді кеңейттім», – дейді Сәуле Елемесова.

«Бастау» жобасының көпшілік үшін тігізген пайдасы көп. Қайтарымсыз қаржыны жастар да игілігіне жұмсауда. Курсты оқып, бизнесті жалғастыруды Сәуле секілді жастар тым жақсы меңгеріп кетті. Ол бизнес-жоспарын сәтті құрап шығып «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қайтарымсыз грантқа қол жеткізіп, 530 мың теңге қолдау алады.

– Кәсібімді бастайтын кезең өткен жылғы пандемия, карантин шектеулері уақытына сай келді. Дегенмен, карантин талаптары жеңілдетілген кезде көрші облыстан кәсібіме қажетті тігін машинасы, құрал-жабдықтар алып, қызметімді бастап кеттім», – дейді кәсіпкер.

Алғашқы тапсырысын жиһазға қаптама тігуден бастаған Сәуле кей жағдайда сынан мүліктерді жөндеуге де тура келгенін айтады.

– Бірінші кезде кей азаматтар тапсырысты орындай алатыныма күмәнмен қарады. Себебі ескі жиһаздардың кейбірі сынық болып келеді. Қолға ара алып, өзім жөндей салатынымын. Қаптамасын әзірлеу барысында да күшті қажет ететін сәттер жеткілікті. Сол жағынан айел адам жасай алмайды ғой деп тартынышқа тағандары болды. Бірақ жұмысымның нәтижесін көргеннен кейін алғысын айтып, ризашылығын білдірді», – деп Сәуле Елемесова қызмет көрсету кезіндегі мыңдықтармен де бөлісті.

Бүгінде Аралда кәсіпкердің қызметіне сұраныс жоғары. Сәуле алдағы уақытта кәсіпін кеңейту үшін жеңілдетілген несиесі алып, киімдер тігуді қолға алуды жоспарлауда. Ал өзі секілді кәсіп бастағысы келген жандарға мемлекет тарапынан беріліп жатқан мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, шағын болса да кәсіп алып, еңбек етуге шақырады.

Осындайда оңай жұмыстың жоқ екеніне көзің жетеді. Әйтпесе ер баланың көмегі қажет ететін жиһазды Сәуле өзі жасап келе жатқаны да құптарлық іс. Кәсіпті бастауды, өзі алып кете алатынына көзі жетті. Бүгінде «сенің қолыңнан келе ме?» деген құманды сөйлеп, қызыланып қолынан да біраз істің келетінін дәлелдеп бағуда.

Айта кету керек, Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының берген ақпараты бойынша, «Бастау» жобасы аясында биылғы жылдың өзінде облыста 1-лексе 693 азамат оқуға қабылданып, 380-і «оқуды аяқтағандығы» туралы, 6-ауы «қатысқандығы» туралы берілген жатқан мүмкіндіктерді тиімді пайдаланмай отырғандығын көрсетті», – дейді Гаухар Елеусінова.

КОНКУРСҚА АШЫҚТЫҚ КЕРЕК



Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының бөлім бастығы Гаухар Елеусінова кәсіпкерлер үшін жер қатынастары мәселесі қашанда өткір сұрақтың бірі екенін айта келіп, палатаға келіп жатқан шағымдардың негізінде кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскелеріне құқық беруге сауда-саттықты (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асыру, сонымен қатар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру барысында ашықтыққа қатысты проблема бар екенін жеткізді.

«Мәселен, аукционға қойылатын жер учаскесі туралы мәліметтерді қамтитын аукцион өткізу туралы хабарлама аукцион өткізуді жариялаған күнінен бұрын он бес күннен кешіктірілмей мерзімді бағе көрсетуде, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде жариялануы тиіс. Сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны баста байқауға боларды. Мысалы, 2020 жылы облыс бойынша жарияланған 357 лотқа 409 азамат өтімін берген. Аукционға шығарылған жер учаскесіне екеуден төмен өтімді болуына байланысты ол лот өткізілмейтін ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жетілдірілді қажет етеді» –

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының мамандары жергілікті атқарушы органдардың ресми сайтына хабарландыру орналастыруда бірізділіктің жоқтығы да кәсіпкерлер үшін проблема туыратынын айтады. Мысалы, бір ресми сайтта хабарландыру «баспасөз орталығы» бөлігінде орналасса, кейбірінде «құжаттар» бөлігінде орналастырылған. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлік мақсатта жер учаскесі алуға үміткерлерді ақпарат алуына кедергі деп отыр мамандар. «Ақпараттардың қолжетімсіздігін аукционға қатысу үшін өтінімдерді айырмашылығынан да байқауға боларды. Мысалы, 2020 жылы облыс бойынша жарияланған 357 лотқа 409 азамат өтімін берген. Аукционға шығарылған жер учаскесіне екеуден төмен өтімді болуына байланысты ол лот өткізілмейтін ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жетілдірілді қажет етеді» –

дейді Гаухар Елеусінова. Кәсіпкерлер палатасы мәселені шешу үшін мынадай ұсыныстар беруде: – барлық аудан және қала әкімдіктері Жер Кодексі талаптарын сақтап хабарландыруларды әкімдік сайтында тұрақты орналастыру және хабарламаны әкімдік сайтының нақты бір бөлігінде ғана орналастыруды реттеу; – жоғарыда көрсетілген заң бұзушылықтар бойынша тиісті органдармен тексеру жүргізіліп, себептерін анықтап, алдағы уақытта заң аясында орындалуын қадағалау; – Жер Кодексінде шектеу жөңінен ескере отырып, қосымша әлеуметтік желілерде жариялауды қарастыру. Кәсіпкерлер палатасының көтеріп отырған аталмыш мәселесі Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің кезекті отырысында да қаралып, тиісті органдар тарапынан зерделуе жүргізілетін болды.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ ШЕКТІ БАҒАСЫ

Қызылорда облысы аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының шекті баға белгіленді.

«Аймақта 11 мамыр мен 20 мамыр аралығында күнбағыс майы, тұз, картоп, сәбіз және пияз өнімдерінің бағасы жоғарылап, құмартардың бағасы төмендеді. Қалған өнімдерге баға тұрақты. Сондай-ақ 10 дана жұмыртқа 430 теңге, 1 литр күнбағыс майы 632 теңгеден асырмау бойынша облыс әкімінің қаулысы қабылданды», – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айнур Тілеуеєва.

Қазіргі таңда облыстың тұрақтандыру жорығында 819,8 тонна тауар бар. «Байқоңыр» ӘКҚ-на қарасты 29 әлеуметтік дүкенде тауарлар белгіленген бағада халыққа ұсынылуда.

«Біздің дүкендерде 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері белгіленген бағада сатылуда. Сондай-ақ дүкендерде

тұрғындардың арыз-шағымын білдіретін журналдар мен сөім телефондары ілінген. Алдағы уақытта Қызылорда қаласында 10 дүкен ашу жоспарлануда. Оның 5-еуінің құрылысы басталды. Қалғандарының құжаттары дайындалуда», – деді «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Тағат Жақыпбаев. Өңірде шекті бағаларға мемлекеттік бақылау үздіксіз жүргізілуде. Профиллактикалық бақылау нәтижесінде шекті мөлшерден асып кету фактісі анықталған жоқ.

«Әлеуметтік дүкендердегі бағаны үнемі бақылауда ұстаймыз. Бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі де жалғастырылуда. Рұқсат етілген бағаны мөлшерінен асырса 100 АЕК, қайталған жағдайда 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады», – деді облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы сауданы дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Шырынбеков.

94 НЫСАНДА «ASHUQ» ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Өткен жылы пандемияға байланысты кәсіпкерлердің бизнесі тоқтап, біраз адам жұмыссыз қалған болатын. Осыған орай, биыл республика бойынша «Ashuq» мобильді қосымшасы іске қосылды. Жоба күн өткен сайын қажеттілігін көрсетуде.

«Облыс бойынша «Ashuq» мобильді қосымшасына қосылатын 510 нысан анықталды. Бүгінде 94-і іске қосылған. Оның 84-і Қызылорда қаласында, 3-і Шиели ауданында, 2-уі Қазалы ауданында, 1-уі Арал ауданында, 1-і Қармақшы ауданында және 3-і Жалағаш ауданында», – деді Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірімхұммед Сыдықов.

Сонғы аптада «Ashuq» қосымшасында екі рет ақау шықты. Оның басты себебі – вақина салдырғандар тізімнің қайта толықтырылуы. Сондықтан, бағдарламаның кедергісіз жұмыс жасауы үшін «aspi bank», «Halyk bank» және «evo» қосымшаларының ішіне қосу жұмыстары жүргізілуде.



Әйгерім БАҚЫТЖАН, БЛОГЕР:

БЛОГЕР БОЛУ ҚИЫН...

Бүгінгідей интернет дамыған заманда адам қиялы мен мүмкіндіктеріне шектеу қою мүмкін емес. Қазір көз келген адам әлеуметтік желілер арқылы өз ойын ашық айта алады. Сондай-ақ әлеуметтік желіде оқырман жинап, белгілі бір аудиторияға өз пікіріңізді, өз көзқарасыңызды өркін жеткізесіз де болады. Осы мақсатта түрлі блогтар жасалады және блогты жүргізуші адамды «блогер» деп атайды. Сондықтан блогерліктің қыр-сырын қысқаша сұхбатымыздан біле аласыз.

шетел немесе Ресей блогерлеріне бөсекелес бола ала ма?

– Бүгінгідей блогерлердің енді ғана қалыптасып, ағынан тұрып келе жатқан тәжірибесі мен біліктілігі аз жас әлеуметтік топ. Орыс тілді блогтар біраз уақытқа дейін аз оқырмандарын тапты десек, қазақ тілді блогтар өзінде бірлі-жарым ғана. Отандық блогерлердің деңгейін мынадан анық байқауға болады: бізде ресейліктер сияқты блогерлер белгілі тақырыптарға арналған жеке блогын ашуға әлі бейімделе қоймаған. Тағы айтып өтетін дүние біздің блогерлерімізде шетел контенттерін көшуі өте көп. Қазақ қоғамына сай дүние жасауға біздің блогерлердің қауқары жетеді!

– Сіздің блог арқылы табысыңыз қанша және жолдасыңыз қарсы емес пе?

– «Блогер ақшаның астында қалады» деп енді бастап жатқан блогер ойлауы мүмкін (күлді). Бірақ блогерлерге жауап бере алмаймын. Жеке өз отбасыма жетеді. Жолдасымға келетін болсақ, ол маған мотивация беріп отырады. Сондықтан ол жағынан бізде бәрі ОК (күлді).

Біздің шыншын айту қажет, біздің блогерлер көптеу тауарларды жасау жазғынан артта қалып қойған сияқты? Сіз қалай ойлайсыз?

– Иә, жоғарыда айтып өткенімдей орыс тілді блогерлерден көшірме жасайды. Сондықтан «Хайп» құлап кететіндер көп. Өзіме келетін болсақ мен тек оқырмандарымға көңілді түсіремін. Өйткені маған басым көпшілігі жас аналар жазылған. Сондықтан өзімізде интернеттен тек көрегімізді алып, ой елегінен өткізіп үйренейік! – Сұхбатыңызға рақмет!

– Блогер болу оңай ма?

Оны тек пост жазып, видео түсіріп кокеймен шектелген десеніз, қатты қателесесіз. Блогер өз аудиториясына не уақыттың, оларды не қызықтыратынын алдын ала білетін және білетін адам қарай өзі ісін туралайтын креативті, жан-жақты тұлға. Блогер ол – білімді, мәдениетті, әр айтқан сөзін аса сауаттылықпен дәлелдей алатын, зерттеушілік-аналитикалық қабілетке ие. Блогерлер тіпті бизнеспен де айналыса алады. Олар өз паракшасында немесе арасында жарнама беру арқылы қаржын ілгері жүргізе алады. Оның әрбір блогынан оқырманы тым жаңылқ күтеді. Сол үшін блогерлерге қойылатын талаптар та жоғары.

– Блогерлік негізінде бізге батыстан Ресей арқылы келгені рас. Отандық, қазақ тілді блогерлер

ШАҒЫН БЕТОН ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

Кәсіпкерлігі кең өркен жайған Қазалы ауданында тағы бір нысан іске қосылды.



Жеке кәсіпкер Рүстем Мәмбетжанов өзінің қаражаты есебінен шағын бетон зауытын ашып, көпшілікті қуантты. Жаңа нысанның ашылуына аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев қатысты.

Бетон зауытының жұмысымен танысқан аудан басшысы кәсіпкердің жұмысына сәттілік тіледі. Әйтеке би кентінен ашылған зауыт заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Жеке кәсіпкер бетон шығаратын автоматтандырылған аппараттарды Қытайдан арнайы алдыртқан. Одан бөлек, қосымша техникалары да бар.

Аудан орталығындағы индустриялық аймақта орналасқан зауыт сағатына 20 текше метр бетон шығарады. Қазіргі таңда мұнда 5 адам жұмыспен қамтылған.

Бетті дайындаған Мөлдір САБЫРЖАН



Әділбек ЖАҚАНОВ:

КОММЕНТАТОРЛЫҚКА БАУЛИТЫН ОРТАЛЫҚ ҚАЗЕТ

— Жалпы комментатор болу оңай шаруа емес. Өте жауапты қызмет. Өз басымнан өткен соң, оны жақсы білемін. Бірақ біздің елде бағаланбайтын мамандық. Өйткені комментаторға төленетін ақша мардымсыз. Ал Qazsport-тан басқа мемлекеттік телеарналарда комментатор деген штаттық бірікп мүлдем жоқ. Себебі спорттық сайыстардан тікелей эфир көрсетілмейді. Бір жылдары облыстық телеарнадан жергілікті "Қайсар" футбол клубының ойындарын тікелей эфирде көрсетіп, Әлібек Байшүленов ағамызбен бірге футбол матчы жүргізгенбіз. Бұл бір үшін жаңашылдық, бір жағы үлкен тәжірибе болды. Көп ұзамай бұл жобаға қаржы қаралмай, тоқтап қалды. Әлі күнге дейін футбол сүйер көрермен "неге көрсетпей кетті?" деп сұрайды. Яғни, қызығушылық әлі де бар деген сөз. Енді негізгі тақырыпқа тоқталсам. Қазір ерінбеген адамның бәрі спорт комментаторларын сынайды. Қазақ комментаторларын жерден алып, жерге салып жатады. Бірақ барлығын бірдей күйе жағуға болмайды. Жақсылары да бар. Бір нәрсені түсіну керек! Qazsport телеарнасы ашылған кезден бастап қана елімізде комментатор деген мамандық қалыптаса бастады. Бұрын 4 жылда бір өтетін Олимпиада кезінде немесе футболдан Әлем чемпионатында ғана комментатор іздейтін телеарналар. Рас, қой! Сондықтан бұл мамандық біздің елде өнді өз орнын тауып, бірте-бірте алға ілгерілеп келе жатыр. Сосын сөзге шебердің бәрі мықты комментатор бола алмайды. Комментатор деген алаңдағы ойынды, стадионның атмосферасын көгілдір экранның арғы жағындағы көрерменге әсірелеп жеткізуші. Ол футболдың қыр-сырын, алаңдағы ойыншылардың әлеуетін жақсы білуі тиіс. Бірақ кейде әсірелеймін деп футболдан ауытып, жаңылтпаш айтып кететіндер бар. Үйренетінміз деп айт. Мәселенің тоқтатып, комментаторлық мамандықты арнайы оқытатын немесе үйрететін бір орталық қажет. Сонда ғана олардың деңгейін көтеруге болады.

Қайырбай ТӨРЕҒОЖА:

КЕРЕМЕТ ПЕН ТАМАШАДАН АРЫЛЫП ТАСЫҒАНЫ КЕРЕК

— Қазір көрермен бұнындағы да сауатты. Өйткені интернеті газасыр. Көзі экранда, құлағы сөзінде. Әрбір а сендіктен зердесімен елесті-кешіп отырады. Сондықтан тікелей эфирден осыны асыға тосқан мыңдаған көрерменге бұл ойынды сен сөйлетіп берді екенсің, мұны басыңа қонған үлкен бақ деп біліп, қайткенде де осы сенімнен шығуды ойлауын, шаршамай-шаңқылмай ізденуің керек. Ол үшін өзің жүргізген репортажды қайталап көр, кемшілігін түзе, он шақты «көремет» және жөн-жосымсыз «тамашаларыңды» санап шық.

Неге осы біздің комментаторлардың сөйлеген сөзі мен футболшылардың алаңдағы іс-қимылы кейде өзара қабыспай, белек жатады. Өйткені бірді айтып, бірге көптеп, бір көлденең еңгімені бастайды да, сөзін тұрып алады, сөйтіп, ойына ілеспей жатады. Осындайда біздің бала қиялымызды тербеген орыстың Николай Озеров, Владимир Маслаченко сияқты атақты комментаторлары неге түсе кетеді? Себебі, олар алаңдағы ойынның бар суретін өздеріне жарасымды темпмен, шынайылықпен әдемі үйлестіріп, жетік бере білетін. Өрне біз осыны мезгенде біздің жігіттерден аты аңызға айналған Николай Озеровтің шеберлігін талап етіп отырып жолқыз. Ол әзір мүмкін де емес. Бірақ УЕФА-ға мүшелікке өткен 2002 жылдан бері футболдың қанша түзелмей қойса да, тым болмаса, комментаторларымыздың сөз саптасы түзелуі керек. Неге десеміз, футбол репортаждарындағы таусылмайтын «тамашалар» біздің қазіргі ойымымызға сай емесін үлкен түгілі бала да біледі ғой.

Ермек ТӨРЕНІЯЗОВ:

ҚАЗАҚТАНДА КӘСІБИ КОММЕНТАТОР ЖОҚ

— Біріншіден, комментаторлық біздің кәсіби мамандығымыз емес. Qazsport-тың штаттағы спорт журналистері де комментаторлықпен кәсіби түрде айналыспайды. Qazsport журналистерінің негізгі жұмысы — жаңалықтар дайындау, репортаж жасау. Комментаторлық әріптестің қалауына қарай. Уақыты бар, ынтасы бар спорт журналистері істеп жатады. Бірақ мұның негізгі жұмысы еш қатысы жоқ. Комментаторлық қаламақша жасалатын жұмыс. Сол себепті де дәл қазір Қазақстанда кәсіби комментатор бар деп айта алмаймын.

ҚАЗАҚ КОММЕНТАТОРЛАРЫНЫҢ ХАЛІ ҚАЛАЙ?



Черданов: «Мынадай голды күнде көріп жүргендей айтыңыз ғой» дегені бар. Футболға эмоция өте керек. Ал басқа спорт түрлерінде көбіне анализ басты рөл атқарады. Көрермен ретінде де жіліктеп беретін комментаторларды жақсы көремін. Жандос Айтбайдың жүргізгені ұнайды. Жілігін шағып тұрып айтып береді.



Руслан МЕДЕЛБЕК:

СПОРТШЫЛАР КОММЕНТАТОРЛЫҚКА КЕЛУІ КЕРЕК

— Уткіндей сауатты болу қажет. Оның футбол матчынан кейінгі әрбір сөзі мемге айналып кетеді. Ол өзінің саласын біледі, ол спорт саласының менеджері. Біздегі қазақ журналистері мен ресейлік журналистердің айырмашылығы жер мен көктей. Ресейдегі спорттық мансабын аяқтаған спортшылар журналистикаға келіп, комментатор болып жатады. Бұл әлем бойынша қалыптасқан тәжірибе. Бізде де іске асыруға тырысып жатырмыз, бірақ жолға қойылған жоқ. Мысалы, Анна Алябьева келді, бірақ тележүргізушіліктен аспайды. Әлия Юсупова да талпынды, тек саралшы болып қалды. Бізге олардың комментаторлыққа келгені керек. Қазақ спорт журналистикасы әлемдік стандарттарға ауысқан жоқ.

Абай ОТАР:

ҚАЗАҚ КОММЕНТАТОРЛАРЫ АЛАНДА БОЛЫП ЖАТҚАН ОҚИҒАНЫ АШУҒА ЕМЕС, ӘДЕМІ СӨЗ ТІРКЕСІН ІЗДЕУМЕН УАҚЫТЫН ӨТКІЗЕДІ

— Қазақ тілді комментаторлар мәселесі бүгін ғана туып отырған жоқ. КСРО кезінде де комментаторлар сыңа ұшыраған. Дегенмен бүгінгі қиындықтың тууына кадр жетіспеушілігі әсер ететін секілді. Біздегі комментаторлар көз келген спорт түрін жүргізсе береді. Ал журналист өзі сөз етіп отырған спорттан хабарсыз болса, қандай сапалы өнім шықсын?! Ал түрән түспеген тақырыпты терең қаузытын маманның жоқтығынан, спорттан сәл хабары бар адам комментатор болып кетеді. «Қазақ комментаторлары алаңда болып жатқан оқиғаны ашуға емес, әдемі сөз тіркесін іздеумен уақытын өткізеді» деген пікірдің қалыптасуына осының әсері бар. Меніңше, біздегі комментаторлардың ең үлкен кемшілігі — ойыңа лайықты дайындамау және эмоцияның жоқтығы. Бір ғана мысал келтірейін. Лондон Олимпиадасында Зульфия Чиншанпоның алтын алғанын хабарлаған комментатордың дауысынан қуаныш байқаламады. Екінші алтын! Ал комментатордың дауысы тым солғын. Кейбіз футбол көргенді ұнатамыз ғой. Ер елдің комментаторларының өз ерекшелігі бар. Испандықтар соғылған допты хабарлағанда «го-о-ол» деп созып айтады, арабтарда бір сөзді бірнеше рет қайталайды. Екі тілді түсінбесем де, комментатордың дауысынан-ақ қаншалықты беріле жүргізіп отырғаны анық байқалады. Ағылшындардың арасынан Мартин Тейлордың жүргізгені ұнайды. Бір байқағаным, шетелде сол спорттың майын ішкен маман немесе бұрын соңымен айналысқан спортшы комментаторлықпен айналысады. Комментаторлықпен айналысудың бір түрі у-шұнымен ақпаратты қайда кеткенін білмей қаламыз. Сол үшін ең қызықты ақпараттарды жазып жүру керек. Мысалы, Криштиану Роналду гол соқты делік. Дәл сол секундта «бұл оның қарьерасындағы 700-голы» деп қызықты деректі айтып жіберсеңіз, қандай тамаша! Гол соққаннан 20 минут кейін айтсаңыз, оның маңызы жоқ. Темірді қызған кезде соғу керек. Қай стадионда өтеді, сол қаланың танымал тұрғындары, команданың танымал жанкүйерлері туралы ақпарат біліп алу керек. Көрермендердің арасында небір жұлдыздар, актерлар, бұрынғы футболшылар келіп отыруы мүмкін. Оларды жылт еткізіп көрсетіп қалғанда, кім екенін, еліне қандай еңбегі сіңгенін айтып қалсаңыз, телекөрерменге де қызық. Тағы бір кемшілік — кейде бұрмаланған ақпараттар тарап кетіп жатады. Орыс сайттарында нақтыланбаған ақпараттарды жариялайтын кездері де болады. Осының салдарынан біз де бұрмаланған ақпаратты таратып жатамыз. Осы жағын ескергенде, ағылшын тілін үйрену керек. Ағылшын тілін білу ер комментатордың ресми сайтанын тексерілген ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Жалпы таным кең болуы керек. Ал өз кемшілігін келер болсам, маған эмоция жетпейді. Гол соққан кезде, дәл соғылғанды алаңда зорықпай, команданың жақсы. Бірақ шынайы шыққан эмоция ғана сәтті. Озеровтардай эмоциямен жүргізгенге не жетсін? Ресейлік Журавель де эмоцияға жоқ. Бір матчта Торс «сұрапыл» гол соқты. Еш эмоциясыз «Гол» деп қана айтып. Сонда серіктес-комментаторы



Ермухамед Мәулен:

КӨРЕРМЕН 3-4 КОММЕНТАТОРДЫ ҒАНА ЖАҚСЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

— Қазақ өзі шешен халық, айтқыш халық емес пе? Суырып-салма, ақын болса да құтпалар. Спорттан хабары мықты болуы тиіс. Керек кезінде әзілдеп, астарлап, жағдайға байланысты айтары бар және бүкіл футболды сөзбен ойната алатын адамдардың нағыз комментатор болатынына сенемін. Кәсіби комментатор негізінде айына ары кетсе он ойынды жүргізгені дурыс. Ол соған 400-500 мың теңге алуы тиіс. Ол демалып, ізденіп, шет елге шығып ойыншыларда тамашалап, шабыттаныуы керек. Ал бізде қалай, өз бір мекемеде айлық жұмыс істеп, кеші уақытта не түнде қаламақша комментатор болып қызмет етеді. Бұл дурыс емес. Комментатор көбірек демалуы керек, ізденіп, әлеуметтік желіде кім не айтып жатқанына шолу жасауы мүмкін. Футбол — әлемдегі бірінші спорт. Басқа спорт түрлерін сол футбол мен бокс секілді сараптама жасап жүргізе алатын комментаторлар жоқтың қасы. Бұл салалық комментаторлықтың дамымағандығының көрінісі. Елімізде бір ғана спорт арнасы болғандықтан, комментаторлардың саны да аз. Мысалы, үш айда бір көрсетілім тенниске арнайы комментатор ұстап отыруды еш біраз шығын көлтіреді және футбол комментаторларын сынал жатқанда, теннис шолушысына қандай пікір көлетінін айтудың өзі қиын. Бұл сала елімізде де шет елдерде де комментаторлық үйрететін арнайы курстар немесе оқу орындары жоқ. 2011 жылы Азида өткен уақытта елдің барлығы спорт туралы жазса бастады, сол кезде шыққан мақалалардың көбісі сын көтере алмады. Бүгінде жағдай жақсарып, спорт журналистерің саны мен сапасы да артқанын байқауға болады. Қазір ел танытын он шақты комментатор бар, оның ішінде 3-4-нің ғана жүргізгенін ел жақсы қабылдайды.



ОРАЗА САУАБЫНЫҢ БІР ЖЫЛҒА ТЕҢЕЛУ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Шәууәл – қасиетті Рамазан айының біткенін білдіретін, Ораза айт мейрамының келгенін сүйіншілейтін ай. Он екі айдың ішінде алғашқы күні мейраммен басталатын осы Шәууәл айы екен. Ол – ораза айт мейрамы. Яғни шәууәл айының алғашқы күніндегі ораза айт мейрамы мұсылмандар үшін ерекше қуаныш сыйлайды. Мұсылмандар үшін Шәууәл айының маңызы, артықшылығы жайында Қайырбек Отызбаевтан кеңірек сұрап білдік.

– Шәууәл айы – Рамазан айында жіберіп алған кемшіліктердің орнын тоқтырып, ізгі амалдарды тоқтатпай жалғастыра түсуге берілген мүмкіндік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім Рамазанда ораза тұтып, сосын оның артынан Шәууәлда алты күн ораза ұстаса, ол жыл бойы ораза тұтқанын сауыбын алады» деген. Демек шәууәл айындағы қосымша нәпіл құлшылықтардың ең негізгісі – алты күндік ораза. Шәууәл айында алты күн ораза тұту Аллаға сүйікті амал екенін білдіреді. Шәууәл айында алты күн ораза тұтудың жыл бойы ауыз бекіткенге теңестірілуі – Алла Тағаланың мейірімін шексіз екенін біз көрінісі.

Бұл ораза сауабының бір жылға пар-пар келуін былайша түсінуге болады. Құран Кәрімде: «Кімде-кім бір жақсылық жасаса, оған оның он есе қарымы беріледі», – деген аят бар. Ислам ғалымдары Шәууәл айындағы алты күн оразаның бір жылдық сауабын осы аятпен байындестырады. Рамазан айындағы отыз күн мен Шәууәл айындағы алты күн қосылғанда, отыз алты күн болады. Бұл сан он есеге көбейтілсе, үш жүз алпыс күнді құрайды. Бір жылдың қалған бес күні ораза ұстауға болмайтын Рамазан айының алғашқы күні мен Құран айттың төрт күні. Оразаның әрбір күні он есе мөлшеріне, онда отыз алты күндік оразада бір жыл ауыз

бекітудің сауабы бар деген сөз.

Сондықтан әрбір мұсылман Рамазан айынан алып шыққан жақсы амалдарын үзіп алмай, шәууәл айында жалғастыра түсуі керек. Бір жақсы амалдың артынан және бір жақсы амалдың жалғасы алдыңғы жасаған игі істің жемісі екенін білдіреді. Отыз күн оразасын толық аяқтаған кісі алты күн оразасын ұстаға нұр үстіне нұр. Рамазан айының әлдеқандай себеппен ораза күндерін жіберген кісі шәууәлде арасын сұмтайып, қаза оразаларын ұстап, қарыз күндерін түгендегені жақсы. Мұнан да бөлек күллі жақсы амалдар, дұға-тілектер жасап, ізгі істермен шәууәл айын кемелдендіргені – нағыз иманның көрінісі.

ШӘУУӘЛ ОРАЗАСЫ: МАҢЫЗДЫ 5 СҰРАК

– Шәууәл айындағы 6 күндік оразаны 3 күн айт біткеннен соң ұстаймыз ба?

– Ораза айттың бірінші күні ешқандай ораза ұстатпайды. Айттың екінші күнінен бастап шәууәл айындағы алты күндік нәпіл оразаны немесе қаза оразаларды ұстай беруге болады.

– Қаза оразасын бірінші ұстауым керек пе, әлде Шәууәл оразасын ба? Қайсысын бірінші ұстау керек?

– Өуәлі қазаларыңызды өтеп алып, одан кейін Шәууәлдің алты күндік оразасын ұстаймын десеңіз де, өз болмаса бірінші шәууәл оразасын ұстап кейінірек қазаларды өтеймін десеңіз де, өз еркіңіз. Ханафи мәзһабында қаза ораза өтелмей тұрып, нәпіл оразаны тұта беруге болады. Қазаның өзін ғана өтейтін кісіге де күнә жоқ.

– Шәууәл оразасының орнына қазамды өтесем, бір жылдық сауап алам ба?

– Кей Ислам ғалымдары «Қаза оразаны Шәууәл айында өтейтін кісіге, нәпіл ораза ұстамаған күнінің ораза қазасын айтқан күніне айта өтегендіктен Шәууәл оразасының сауабы қосымша жазылады» деген тұжырымды алға

тартады. Осы тұрғыда мынаны ескерген жөн, қаза оразалары алты күнге жетпейтін кісілер кем күндері қосымша нәпіл оразаммен толықтырғаны абзал.

– Шәууәл айындағы алты күндік оразаны бөліп ұстаса бола ма?

– Шәууәл айындағы алты күндік оразаны үзбей ұстау шарт емес. Сол ай ішінде (яғни Шәууәл айы ішінде) бөліп ұстауға рұқсат. Кейбір Ханафи ғалымдары үзбей ұстағандан, бөліп ұстағанды артық көрген. Абзалы қайсы десеңіз, алты күнді үзбей ұстаған абзал. Дегенмен бөліп ұстаса да саналады.

– Шәууәл оразасының ниеті қалай жасалады?

– Ниет дегеніміз, іштей бір нәрсені орындамаққа оқталу, соны іттеу дегенді білдіреді. Сондықтан да көкейде шәууәл оразасына ниет етілген болса соның өзі жарамды. Тілмен айту шарт емес. Дегенмен ауызша айтқан деуші кісі ниятін қазқ тілінде жасай беруге болады. Мысалы: «Ниет еткен Аллаға ризалығы үшін Шәууәл айындағы нәпіл оразаның бірінші күнін (немесе екінші, үшінші...) ұстамаққа, Халисаләһиллһи Тағала».

ҚАЗА ОРАЗА ҚАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ?

Өне-міне дегенше Рамазан айы да аяқталды. Десек те, отыз күн ораза да белгілі себептермен ауыз бекіте алмай, кей күндерді қаза еткен адамдарды алаңдатытын сұрақтар бар. Бүгін қоғамда жиі қойылатын маңызды сауалдарға мамандар жауабын ұсынып отырмыз.

– Қаза оразасын қай кестеге қарап өтеуге болады?

– Рамазан айынан кейін оразаның қазасын өтейтін кісі күнделікті намаз кестесін негізге алады. Дәлірек айтқанда, таң намазы кірген уақыт ауыз бекіту уақыты болады. Сол уақыта дейін сәрендіз ішіл-жеуге рұқсат. Ал күн толығымен батып, ақшам намазы уақытының кіруі ауыз ашар уақытын білдіреді.

– Қаза оразаға ниет қалай жасалады?

– Қаза оразасының ниеті алдыңғы күннің ақшам уақытынан бастап, ең кем сәресі уақыты біткенге дейінгі аралықта жасалуы шарт.

Араһи ниет-дұғасын айтқан Мәселен былай ниет етуге

болады: «Ниет еттім Алла ризалығы үшін осы жылғы Рамазан айынан қалған пәлел күндік (мысалы, алты күндік) қаза оразамның бірінші күнін өтемекке (немесе екінші, үшінші...), Халисаләһиллһи Тағала». Ауыз ашарда қазашалп тілек-дұғасын жазуына болады.

– Қарыз оразаны өтеу кезінде сәресіге тұра алмай қалса, ештеңе ішпестен аузым бекіте беруге бола ма?

– Егер түнде «ертең қаза ораза ұстаймын» деп ниет етіп тұрған болсаңыз, сәресіге тұра алмай қалған жағдайда еш нәр татпастан ауыз бекітіп қазаны ұстап тәзір етеп ауыз тырысқан ондай ниет болмаған

болса, бұл күн қаза оразаға саналады, өйткені қаза оразасын ниет етпес сәресі уақытында жасалуы керек.

– Жатарда оразамды ниет етпесе, сәресіге ұйықтап қалған жағдайда еш нәр татпастан нәпіл оразаға ниет етсе рұқсат ма?

– Нәпіл оразаға рұқсат.

– Қарыз оразаны қай уақытқа дейін ұстап біту қажет?

– Ханафи мәзһабында Рамазан оразасының қазасын өтеу уақыты шектелмеген. Яғни келесі Рамазан айына дейін немесе үлгермесеніз одан кейінгі уақыттарда өтей аласыз.

Дегенмен, уақыты созыбай тәзір етеп ауыз тырысқан дұрыс.

ішіне қараған әрбір жұмысшы күтпеген жайтқа жолығып, төбесінен жай түскендей күйге түседі.

Сөйтсе, табыттың ішінде ешкім жоқ екен! Керісінше, адам орнына үлкен айна қойылыпты. Қараған адамның бәрі мәліт орнына айналады өз бейнесін көреді екен. Сосын қасына мынадай жазу жазылыпты: «Өлемде мақсат-мұраттарыңның орындалуы мен үздіксіз алға жылжуыңа ықпал ететін бір-ақ адам бар. Ол – өзің!».

Өмірдің игілігінің көбі өз қолымен жасалатынын ұмытпа. Өзгеке иек артпа. Өмірің өзң өзгермейінше өзгермейді!

Құран аянтында: «Алла бір қауымды олар өз пиғылдарын өзгертейінше, өзгертейді» делінген. («Рәғыз» сүресі, 11-аят).

Қасиетті Құранда мынадай аят бар: «Расында Алланың қасында көктер мен жерді жаратқалы Алланың Қытабындағы айлардың саны он екі. Бұлардан төрттеуі құрметті айлар. Міне, осы берік дін. Онда бұл айларда өздеріне зұлымдық еткендер... Әрі расында Алла тақуалармен бірге екенін білдіреді» («Таубе» сүресі, 36-аят). Осы аят бізге айлардың саны он екі екенін нақ айта келіп, мұсылман күнтізбесінде қасиетті болған төрт ай бар екенін айғақтайды. Яғни бұл төрт ай қасиетті болуымен құрметке әбден лайықты. Үш ай бірінен соң бірі тізбектеліп келеді. Ережел, Шаған, Рамазан және Зұлхижжа айы. Сондықтан бұл айларға жеткенде ерекше құрметіміз артады. Құрметті төрт ай және олардың қасиетті болу себепін бізге Қызылорда қалалық «Сұлтан» мешітінің бас имамы Қайырбек Тоқтыбайұлы әңгімелеп берді.

ҚҰРМЕТТІ ТӨРТ АЙ

– Ережел айына тоқталсақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жаннатта сүттен ақ, балдан тәтті бір өзен бар. Ол «Ережел» деп аталады. Кімде-кім Ережел айында ораза ұстаса, Алла тағала сол өзеннен су ішкізеді», – деген. Ережел айының қадірі сондай онда қасиетті екі тун бар. Бұл айдың алғашқы жұмасы – Рағайыл түні болса, екіншісі, жиырма жетінші түні – Миграх көші. Рағайыл түні рухани берекеге толы, мұсылмандар ерекше қадірлейтін тун болып табылады. Миграх түні – Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) пырақа мініп түңгі сапарда көк жүзінен өтіп, Ұлы Жаратушының құзырына шыққан сәтін. Сөйтіп үмметіне екі дүниенің бақытына келетін төңдесі жоқ сый ретінде намазды әкелген. Ережел айының қасиетті түндеріне жеткен әрбір мұсылман Аллаға құлшылық, ғибадаттарын арттып, дұға-тілектерін жасайды.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ережел айынан кейінгі кезекте Шаған айына ерекше көңіл бөлген. Шаған айында: «Аллаһым! Ережел пен Шаған айларын берекелі қыла көр. Бізді Рамазанға аман-есен жеткіз!» деп жиі дұға жасайтын болған. Шаған айының он бесінші түні қасиетті «Бәраат түні» болып табылады. Бұл түн – періштелер жер бетіне түсетін, дұғалар қабыл болатын, кері қайтарылмайтын берекелі кеш. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Шаған айының жартысы толған түнді құлшылықпен өткізіңдер. Күңдіз ораза ұстаңдар. Өйткені Алла Тағала күн ұсына батқан шақта: «Кешірілмеуші бар ма, кешірейін. Ризық сұраушы бар ма, ризық берейін. Ауру-сырқауға ұшыраған бар ма, шипасын берейін» деп, таң шапағы атқанға дейін рақымын төгеді» деп айтқан.

Рамазан – айлардың сұлтаны, Құран түскен құтты ай. Ораза ұстау парыз болған құлшылық айы. Құранда Алла: «Кімде-кім ораза айында болса, ораза ұстасын» деген («Бақара» сүресі, 185-аят). Сахаба хазіреті Әнас (р.ғ.) Алла

Елшісінен (с.ғ.с.) «Рамазаннан кейін қандай ораза маңызды?», – деп сұрағанда: «Рамазанға құрмет ретінде шаған айында ұсталған ораза» деп, ап: «Қай садақа абзал?», деп сұрағанда, Алла елшісі (с.ғ.с.): «Рамазан айында берілген садақа» деп жауап берген. Сондай-ақ рамазан айында түндердің төресі, мың айдан қайырып, періштелер жерге түсетін, жер бетін берекелі ететін әрі Құран түскен қасиетті «Қадір» түні бар. Алла Тағала «Қадір» сүресінде: «Расында Біз Құранды қадір түні түсдік. Қадір көші мың айдан қайырыл», – деп баян еткен. Алла елшісі де (с.ғ.с.): «Қадір түнінде – сол жылғы жақсылық пен жамандық, ризық-несібе, өмірдің мөлшері тағдырға жазылады» деп айтқан.

Қасиетті төрт айдан тағы бірі – Зұлхижжа айы. Бұл айдың алғашқы он күні жайлы хадисте былай делінген: «Алла айдың аяғына алғашқы он күнінде жасалған ізгі амалдардан асқан сүйікті амал жоқ». Құрбан айт мерекесі осы он күндіктің ең соңғы күнінде тойланады. Арапа күні ауыз бекіткен жаннның осы күнге дейінгі бір жылдық және осы күннен кейінгі бір жылдық күнелері кешірілетіні баян етіледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла Тағала Арапа күні ұстаған оразаға өткен және келер жылдың күнелерін кешірілуіне сауап жазайды» деп айтқан. Олай болса, Құран аяттарында қасиетті делінген жоғарыдағы айларға құрмет көрсетіп, Аллаға құлшылық ету әрбір мұсылманға берілген ең үлкен нығмет. Құрметті айларда ораза тұтып, шамасыңа құлшылық-ғибадаттар жасап, садақа беріп, көбірек дұға-тілектерде болғаны абзал.

ИМАНДЫ КҮШЕЙТУДІҢ 3 ЖОЛЫ

Иә, әр нәрсенің өткінші, бірде бар, бірде жоқ болатыны секілді, иман да бірде күшейіп, бірде әлсіреп тұрады. Өткір қылышты қайрап тұрмаса, кесуге жарамай қалатыны секілді, иманды да үнемі суарып, жаңартып отыру керек. Сондықтан бүгін иманды қуаттаудың ең негізгі, маңызды деген 3 жолын жазуды жөн көріп отырмыз.



БІРІНШІ, ДҰРЫС ОРТАДА БОЛУ

Негізі адамға жүрген ортасы, сөйлесетін, араласатын достары қатты әсер етеді. Қанша жерден «мен жеке тұлғамын» десең де, айналандың адамдар ықпалың тигізейін қоймайды. Егер досың пайдың үстімен жүргенді жақсы көретін адам болса, оны таза жермен жүруге шақыр. Көнбесе, өзің аласты. Себебі, сен қанша таза жермен жүрсен де, пайдың үстінде жүрген досың бір күн саған батпаңа соқсады. Арада біраз уақыт өткенде үстінді қайтаң. Сөйте-сөйте бір күн өзің де қара батпақтың ішіне қалай кіріп кеткенінді байқамай қаласың.

Ал «қандай адаммен дос болу керек?» деген сұраққа түсітіп, жаны ізгі, сөзі дұрыс, ісі тиянақ адамдармен жидас болу керек деп жауап берер едік. Себебі, «Адам – досының дінде». Ең жақсы дос – Құдайды ұмытсаң есіңе салатын, ал ойлап отырсаң көмектесетін дос! Еңдеше жаныңа бірігіп күн жасайтын емес, жұмылып Құдай риза болатын істерді атқаратын жандарды жина!

ЕКІНШІ, ҚҰРАНЫҢ СОҢҒЫ ПАРАЛАРЫН ОҚУ, ТЫҢДАУ, МАҒЫНАСЫНА ОЙ ЖҮГІРТУ

Расында, Құрандағы Меккелік, яғни Меккеде түскен соңғы сүрелер Алланың алдына баратын күнші. Қияметті еске салады және Құранның соңғы параларында бір Аллаға сыйыну, жәрдемнің де, азаптың да, жасағанды сауап алатындығы ұмытпауың керек.

болмайтыны, Құдайдың құдіреті жайында көп айтылады. Сондықтан Алланың сөзін оқып, тыңдап, оның мағыналарына ой жүгіртіп, түсіндірмелерін оқыған адамның әлбетте, иманы көтеріледі. Жүрегі тазарып, санасы мұрындары қатпардың мағынасына мән беріп, ізденген адам намазда оқыған сүрелерінен ләззат алады. Иманның басқа еш нәрсемен салыстыруға келмейтін тәп-тәтті дәмін татады! Сондықтан иманның күшейсін деген адам Алланың сөзі болған қасиетті Құранға көңіл бөлуі керек.

ҮШІНШІ, НАСИХАТ

Яғни өз білгенінді өзгелерге үйрету. Себебі Алла Құранда: «Адамдарды Раббыңның жолына даналығын және көркем үгіт арқылы шақыр. ... («Хыш» сүресі, 125-аят). «... Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер. Қунаға және дұшпандыққа жәрдемдескендер...» («Мәйда» сүресі, 2-аят). «Сендерден жақсылыққа шақыратын, сондай-ақ, дұрыстылық қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне, солар – құлшылықтар» («Әли-Имран» сүресі, 104-аят) деген.

Сондай-ақ ардақты елшіміз Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Жақсылыққа шақырушыларға соны жасағандардың сауабындай сауап жазылады» деген (Мұсылм). Сондықтан біреуді жақсылыққа шақыру арқылы өзіңнің де иманның, білімнің артаатынын және дөл сол жақсылықты жасамасаң да, жасағанды сауап алатындығы ұмытпауың керек.

ТАСҚА ЖАЗЫЛҒАН СӨЗ

Екі дос сахарда сапар шегіп келе жатып өлденеге келісе алмай, ерегісіп қалады. Бірі ашуланып екіншісін бетінен ұрып жібереді. Досының соқсады, жанына батса да ол жаз ашпайды. Бірақ құм бетіне: «Бүгін менің жан досым бетімен ұрды» деп жазды. Содан соң сапарларын әрі қарай жалғастырады. Кей уақыт алдында үлкен көл кездеседі. Екеуі суға түсіп, салқындан алуға

бекінеді. Суға түскені сол-ақ екен таяқ жеген жігіттің аяғына балдыр оралтып, тұшыға бастайды. Сөрігі жалма-жан көмекке жібереді. Досының оны құтқарып қалады. Бір ажалдан аман қалған жігіт өз-өзіне келесін орнынан тұрып, тасқа ойым мынадай сөздер жазды: «Бүгін менің жан досым өмірімді сақтап қалды».

Жолдасының ісіне аздап таңырқаған досы: «Алғашқы

ісімді құмға жазып едің, соңғысың тасқа жазып жатырсың. Мұның мәнісін түсіндіріш!» – деп сұрады. Сонда: «Бізге біреу зиян тигізе істеп отырғанға қарама жазуымыз керек. Кешірім жігіт сұрып, оны өшіріп жіберуге жеңіл болады. Ал біреу бізге жақсылық жасаса оны тасқа жазғанымыз ләзім. Қандай дауыл, борандар болса да, оны ешқашан өшіре алмайды» – деген екен ақылды дос.

Бетті дайындаған: Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

GIBRAT

АЙНА



Қала ортасында үлкен «фирма» орналасқан еді. Тәңертең фирма қызметкерлері әдетінше жұмыс орнына келеді. Барлығы орталық қақпаның маңдайшасына ілінген үлкен плакаттағы жазуды көреді. Онда: «Кеше фирманың дамуы мен өркендеуіне қатты кедергі жасап жүрген арамыздағы бір жұмысшы қайтыс болды. Онымен қолтасу жынының өшімнің қалпымын өтпейміз!» деген сөздер жазылған екен. Алғашында бұл жабаға қайыраған жұрт біраздан соң: «Ол кім болды екен?» деп бір-бірінен сұрастыра бастады. Құтшешіп табыттың жанынан мейіртпені денесі жатқан залға жиналған елді біртіндеп, кезекпен өткізе бастады. Табыт

ішіне қараған әрбір жұмысшы күтпеген жайтқа жолығып, төбесінен жай түскендей күйге түседі. Сөйтсе, табыттың ішінде ешкім жоқ екен! Керісінше, адам орнына үлкен айна қойылыпты. Қараған адамның бәрі мәліт орнына айналады өз бейнесін көреді екен. Сосын қасына мынадай жазу жазылыпты: «Өлемде мақсат-мұраттарыңның орындалуы мен үздіксіз алға жылжуыңа ықпал ететін бір-ақ адам бар. Ол – өзің!».

Өмірдің игілігінің көбі өз қолымен жасалатынын ұмытпа. Өзгеке иек артпа. Өмірің өзң өзгермейінше өзгермейді!

ЖАҚСЫЛЫҚ – ЖАН ШУАҒЫ

Адам баласын игі істерге бастайтын игі жүректің қалауы – жақсылық. Бұл – адамгершілікті, имандылықты сипаттайтын ұғым. Жақсылық жасау едәуір қиын іс емес. Қолыңнан қандай игі іс келсе, соны жасауға ниеттенсең болғаны. Ол үшін алауыз құштың, таудай білімнің көрегі шамалы. Алла адамды жаратып, пенденің ой санасы мен сезімі қалыптасқаннан бері жақсылық бірге келеді. Жақсылық жасау дінге, ұлтқа, байлыққа қарамайды. Ақ пен қара секілді, жақсылықпен қоса жамандық та бірге жүреді. Алайда жақсы қылсаң да, жаман келерің анық. Жақсылық міндетті түрде жалғасын табады. Сенің бір жанға қуаныш сыйлағаның, одан кейінгі адамдардың да жақсылыққа ұмтылуына себепші. Расында өзге жақсылық жасаған, өзінде себепсіз бақытқа бөленетінін рас.




Зейнеп Ахметова «Шуақты күндер» кітабында қазақтың қаһарман ұлы, батыр Бауыржан Момышұлы жасаған жақсылықтың өлшеусізін байқауға болады. Өзінен гөрі өзгенің қуанышын артық көретін

батыр жақсылықтың талай көрінісін бізге ұғп етті. Жақсылық – көреңнің есті алатын, соқырдың көре алатын дүниесі. Ибн Аббас (р.а) былай дейді: «Жақсылық тек қана мына үш нәрсемен толық болады. Ол – жақсылықты жасауға асығу, жасаған жақсылығың көп деп емес аз деп білу, жақсылықты жасырын жасау». Жасалатын жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды, өйткені аз ғана жақсылық ешбір жақсылық жасамағандан хайырлы.

Айниза ТАҒАТАР,
Болашақ университетінің
II курс студенті

ОЙТОЛҒАМ



ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

Ұлағатты бабалардан қалған осы даналық сөзді қазіргі ойшылар «жақсы сөз – толық ырыс» деп айтып жүргенін оқыдым. Мен осымен толық келісемін, өйткені ұлтымның бір бөлігі құндылықтардан ақырға бара жатқан жаһандану заманында жылы сөз – жанға қуат. Жан жадыратар жақсы сөздер айту арқылы адамдар бір-бірінің құрметіне, мейіріміне бөленеді. Жүрекке жара салатын ауыр сөздерден ешкім де кенде қалып жатпаған мына заманда жақсы сөзді жарым ырыс емес, «толық ырыс» деуге әбден болады деп ойлаймын.

Адамның таза, сыйайы, сауатты сөйлеуі – үлкен мәдениеттіліктің көрінісі, көіркек пен рух көзі тазалығының айғағы. Сондықтан болар, қазақтың салт-дәстүр жоралғыларында ақ батаның берілуіне, жақсы мағынаға ие тіпектердің айтылуына аса мән берілген. Бұл жайлы өлемдік психологияда ой мен сөздің қуаты, жаңы болатыны жайлы жазылған еңбектер көп. Ал жан дегеніміз – энергия, демек жақсы сөздер арқылы адам бойына жақсы энергия сіңіреді. Ал оны қазақ «айтылған сөз – атылған оқ» деп бір-ақ қайыра.

1989 жылы АҚШ-тың Лос Анджелос қаласында сұралып жер сілкінісі болып, төрт минутқа жетпейтін уақытта қала жермен жексен болды. Эдвард есімді жігіт ұлы Аманда оқитын мектепке жан ұшыра жеткенде үш қабатты ғимараттың ғимараты айналған екен. Көзі қарауыттып кеткен Эдвард кенет есін жиып алып, өзіне нық сенім пайда болды. Себебі ол ұлына үнемі «әрбір қиындықтан мен қасыңнан табыламын» деп қуат беріп отырушы еді. «Ұлым тірі, ол мені күтіп отыр» деген сеніммен ол ирандыққа қаза бастады, үшінші күн дегенде: «Әне, бей, Мен ғой Аманда» деген ұлының әлсіз дауысын естіді. Эдвард ұлымен қауышып, оның 14 сыныптасының да өмірі құтқарып қалады. Мінекей, сөз құдіреті қандай күш қуат беріп, үміт ұшқынын лаулапты.

Өңсіздік, балағатты, ұлы, ащы сөздер адам жүрегің қатайтады. Мұндайды қазақтар қарғыс деп атаған.

Жастарды айтағанда үлкен кісілерді көпшілікте беадеп, ұятсыз сөйлеу, отбасында бала-шаға көзіңше тіпті «еркінуші» жаңды шаршатады. Соның нәтижесі

ме, әлде балаларымызға ұстаз қауымы мен ата-аналарымыздың мәдениеттілік пен тәртіптілік елімізден бастап көрсете алмай келеміз бе, өйтеуір көшеде бір-бірімен жай сөйлескеннің өзінде боқтық қоспаса «ойын жеткізе алмайтын» жастар өсіп келеді. Көшеде, қоғамдың орнында өсіресе жасөспірімдер арасында бір-бірін «ешік», «мал» деп қаратуы әбден қалыпқа түскені сонша «неге олай айтасың» деп реніш білдірмейтін деңгейге жеттік. Сондай-ақ ұялы телефонның қуаты таусылып қалса, «телефоным өліп қалды» деп дүрс еткізеді. Аулда бірін-бірі қуалап ойнал жүрген балалар ұялы таусылып қалса, «сен өлдің» деп жатады. Ғалымдар балағат және жағымсыз сөздерден радиация сияқты адам генін мутацияға ұшыратып, түрлі психикалық және тән аурулардың пайда болатынын айтады. Сондықтан да жоғарыдағы секілді ауыр да ерсі сөздердің дұрыс, жөн баламасын жастарға айтып, үйретіп, дер кезінде түзетіп отыру үлкендер үшін аса филологиялық ғылыми білімді қажет етпейді.

Адамдардың сөздік қарым-қатынасынан заман көрінісін байқауға болады. Бір отбасында, білім ошақтарында жастарды сөз әдебіне, тазар да орындық, түсінікті сөйлеуге тәрбиеленуіміз керек. Ішетін тамақтың тазалығы мен құнарлығына қалай көңіл бөлсек, аузымыздан шығатын сөзге де солай көңіл бөлгеніміз жөн. Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың өзі «құнды сөз – құнары ойдан туады» деген ой.

С.МОЛДРАЙМОВА,
Қызылорда қаласы

ӨМІРІҢ ӨЗ ҚОЛЫҢДА

Біз үлкендерден «жастар өмірді бағаламайды, өмірдің қадірін білмейді, бері дайына үйренбейді» т.б. сөздерді жиі естиміз. Осы өмір дегеніміз не? Өмірің бекер өтпей үшін не істеу керек?

Міне, осы сауалдар үлкен өмірдің табалдырығында тұрған мені көптен бері толғандырып жүр. Өркіннің ой-санасы, дүниетанымы жеке дара болғандықтан, өмір жайлы сан-жұлы пікірлердің болуы заңдылық шығар. Соның ішінде, өз замандастарымың, жақын достарымың осы сауалдар тұрғыны не ойлайтыны да қызықты. Бірі өмірді басына қонған бақ деп санаса, ал екіншісі адам баласына берілген үлкен сынаққа балады. Келесісі өмірді шектелген уақытқа теңеп, сол аралықта айналана жақсылық жасап үлгеру керіні аятады. Басым көпшілігі дүние есігін ашқанда пешенеге жазылған тағдырын сені өмірің деп біледі.

Расымен де, өмір – тал бесік пен жер бесік арасындағы қамшының сабындай ғана қысқа, бір сәтте зу етіп өте шығатын бағалы әрі қымбат уақыт. Осы уақытқа әрбір пенде өз өмірін жүзіреді. Дегенмен, өз өмірің, өз еркімің деп шын шектен шығып, пайдасыз, зиянды әрекеттерге барудың қажеті жоқ екенін білмейтін адам жоқ шығар. Ал, шыңдығында, қоршаған ортаға қуаныш сыйлау арқылы көздеген мақсатыңа жетіп, өз

бақытыңды табуың, ғажап деп білемін. Өмірді үлкенің десек, теңше адам атаулы өз кемесін қателеспей табуға тиіс. Сол арқылы алдынан қандай кедергі шыққанына қарамастан, тайсалмай өз айлағына жетуі шарт. Ал, қиыншылықтарды жеңе алмағандар теңіздің терең тұңғышына батып кете береді.

Біз өмірдің алғашқы баспалдақтарының біріні алдында тұрмыз. Білім атты сынақ талай жастарды морт сындыратын, арманына барар жолында кедергі болатын мәселеге айналғанына да өлн болды. Сынақтан ойдағыдай өте алмағандар өз өміріне қол салып, не болмаса терең күзгілесіп түсіп, бір сәтте бәз көшетін жасырын емес. Тіпті он бір жыл жақсы оқып, қорыныштан білгенін ұмытып қалатындар да бар.

Ие, байқап қарасақ, бұл сынақтың маңыздылығы зор болғанымен, өмірмен теңестіруге болмайды. Марк Твеннің «Адам өмірінде маңызды екі күн бар: бірі – дүниеге келген күннен бастап, екіншісі – не үшін келгеніңді түсінген күн» деген сөзінін жаңы бар. Айдың артынан күн шығып, түн күнге ұласатындығын сәтсіздік мәңгілік емес екенін есімде ұстайық, достар!

Үміт БАЙТАСОВА,
№15 мектеп-лицейдің оқушысы



жұмыстар) беріліп, тарау бойынша студенттердің алған білімін байқауға мүмкіндік болады. Бұл дегеніміз – еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлаудың үздік технология. Модуль арқылы оқыту нәтижесінде жұмыс беруші талаптарынан шыға алатын бәсекеге қабілетті, білікті кәсіби маман қалыптасады.

Айнұр РАХЫМЖАН

САҒАН КЕРЕК 3 КІТАП

Жастар үшін мотивацияға толы кітаптардың маңызы зор. Олар кітап арқылы білім алып қана қоймай, кәсіпкерлердің тәжірибесінен жаңа бағытты үйренеді. Сол үшін газет оқырмандарына өзін оқыған үздік үш кітаптың мазмұнын жайлы айтуды жөн көрдім.



Бірінші кітап – Қуаныш Шонбайдың «Екінші болма» кітабы. Кітаптың сыртында «Бизнес, карьерда және өмірде жеңіске жетудің қазақша жолы» деп жазылған. Бұл – мақсатқа жетелейтін қазаны ұстанымға сай кітап. Кітапта бай болыңдар арманға қол жеткізудің жолдары айтылады. Кәсіпке бағытталған мотивациялық қазақша кітаптардың ішіндегі танымалы десем артық емес. Астор өлемдік ғалымдар мен ойшылдардың сөздерін ескере отырып, кітапқа түсірген. Қуаныш Шонбай бір сұхбатында «Треннингте айтылмай қалған дүниелерді кітап арқылы жеткізу – ең ұтымдысы» деп жауап берді. Ұлы ақын Абайдың «мықты болсаң, өзінді жек» деген сөздерін ақылға сала отырып, өз-өзінді жеңуге болатыны жайлы да баса айтты. Ал өмірде ойымызға шектеу қоятын өзіміз екенін, шектеуді жою керектігі жайлы кітапта көңінен аңғимелерді, Әке-шешемнің аузынан түспейтін, «жұрттың балаларына» жету жолдары да кітапта анық көрсетілген.

Екіншісі – Камшат Бөкитованың «Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгерт» кітабы.

Автор білікті журналист болмаса да өзіндік талантымен кітапты жақсы деңгейде жазып шыққан. Кітапта автордың өмірдегі қиындықтары баяндалып, оқырманға дұрыс бағыт-бағдар көрсету жайы жазылған. «Кітапты жазудағы мақсатым – кез келген адамның өз өмірін қиындықсыз етіп өзгерте алатынын, жалпақ тілмен білген тәжірибеммен бөлісу» дейді автор. Ол жолы болмай жүрген жандарға өз білген-түйгенін кітап арқылы жеткізген. Қиынған сәтте жалғаруынып, балгер іздеп кететін адамдарға ақ пен қараны атап өткен. «Бақыт пен жетістікке жету үшін ниет қажет» дейді мотиватор. Ең қызығы, автор өзінің оқырманға арналған ұсынысы мен тапсырмаларын да кітапқа енгізген.

Үшіншісі – Бақытжан Бұқарбайдың «Күнкөрістен кет, байлыққа жет» кітабы.



Кітаптың мазмұны кәсіпкерлікке бастар жолды баяндайды. Автордың айтуынша, кітап шықпаса бұрын сауалнама жүргізілген. Сонда оқырманның сұранысы кәсіпкерлік тақырыбы болған екен. Кітаптың ерекшелігі – Марғұлан Сейсембай, Райымбек Батаалов, Нұрлан Смағұлов, Қайрат Құдайбергенов, Қуаныш Шонбай секілді танымал кәсіпкерлердің тәжірибелерімен танысуға болады. Әрбір кәсіпкердің суреттерін де кітапқа енгізген. Бұл керемет туынды – кәсіпке қызығып жүрген әрбір адамға керек кітаптың бірі. Шынымен, ең алғаш кітаптың тақырыбын көрген адам «Қалайша күнкөрістің байлыққа жетуге болады?» деп ойланары анық. Ал автор бір сұхбатында: «Байлық деген – кітап оқу, жұмыс жасап, нәтижесін көру» деп сипаттама берген.

Нұрай ТАЛҒАТ

БІЗДІҢ МӨЛДІР ӨЛЕМ

ӨКЕ – ӨМІР ТІРЕГІ



Өке деген сөздің аясы кең. Бір ауыз сөзбен түсіндіру де қиын және ол белгілі бір өлшемге сыймайды да. Біз, балалар, өкелерге қашанда қарыздармыз. Осы қарыз берн болып – өке мен бала арасындағы көзге көрінбес, бірақ қылдай берік, үзілмес махаббаттың алтын көпірі.


Өке – әулет басшысы, отбасының тірегі, асырап сақтаушысы. Барлық балалар үшін өке үй – үлкен үй – қарашанырақ деген ұғымға саятын құрметті де қадірлі, ыстық үй, ұшқан ұя.

Бір отбасын жеке мемлекет деп қарастырып болсақ, бұл мемлекеттердің ірге тасын қалаушы, оның ба қараушысы – отағасы – өке.

Бауыржан ЖҮНІСОВ,
Қармақшы ауданы

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

МАХАББАТ ЖӘНЕ АНАЛЫҚ СЕЗІМ



Махаббат – адам баласына берілетін сезім және ұлы күш. Махаббатсыз дүние бос. Бәрінесе жасөспірім шақта ғашық болудың өзіндік ғажабы мен азабын сөзбен жеткізу қиын. Оң-солыңды білмей жатып, бір адамды ұнатасың, ол адам басқа адамды ұнатпай, оспай кете береді, машақаты да әл-өзір бітіп болмайды. Кейбір рухы әлсіз адамдар осы сезім жолында өзін құрбан етіп жатады. Бұл өрине өкінішті жағдай.

Қандай адам болсын жасөспірім шақта ғашық болып, махаббат отына күйіп-жаңады. Оны тіпті өзі де түсіндіре алмауы мүмкін. Негізінде ұнату, ғашық болу, жақсы көру – бұлар үшеуі үш түрлі сезім. Әуелі ұнатасың, содан соң қиялыңа қиял қосып, ғашық боласың, сүйесің – тұтас алғанда махаббаттың үш деңгейі секілді. Ғашық болу – махаббаттың басы. Ұнату деген сол, белгілі дос ретінде ұнататын шығар немесе бір қылығы әлде сырт келбеті ұнамай болар, бірақ пап етіп тұтанбаса, ұнату сезімінің бәрін махаббат деп айта алмаймыз. Ал, жақсы көру – ерекше дүние. Осыны өмір сүре алмаймын дейтін албырт сезім бойды білгенің ала жеңелгенде адамның өзіне өз есеп беруді де оңай болмайды.

Бір анығы, бұл өмірде шынайы махаббат – біреу ғана. Ол – ана мен бала махаббаты. Анасы баласы үшін ардайым оқта да күюге, сута да түюге дайын. Ана жәні өке махаббатын адам өзі ата-ана болмай, сезіне қиы етпейтін.

Шынымы айтсам, осы күнге дейін қасымың табылғанда, қиын сәтте жұбатқанда, жоқтан бар жасайтын, мені арқашан уайымдап жүретін анамнан артық аяулы адамды таппадым. «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» деген сөз сіре адам баласын анасының қадірін білуге шақырып тұрғандай әсер қалдырады. Жұмақты аңсаған әуелі ананың қабағына қара деп тұрғандай. Ананың Меккеге үш рет арқалал апарсаңда, қарызыңнан құтыла алмайсың. Ата-ананың разылығы – Аллаһың разылығы.

Анасын жүре тындайтын адамдарға жаным ашды. Адамды бәр күнде бағалау – ертеңгі күні орны толмас өкінішке ұрындырмасына ешкім де келіп бопала алмайды.

Арайлым ЕРСІН,
Қызылорда қаласы

ҮЗДІК ТЕХНОЛОГИЯ

Адамның кез келген жетістігі – жеке немесе кәсіби еңбек қызметінде өз біліктілігін дәлелдей алуымен бағаланады. Осы тұста модульдік-құзыреттілік тәсілі бойынша білім беру ерекшелігі қоғам үшін маңызды деп ойлаймын.

Оқытудың модульдік технологиясы – үздіксіз білімді қамтамасыз ететін ікемді жүйе. Ең бастысы, оқытушы да, студент те оқыту нәтижесіне баса назар аударады.

Бұл жүйеде оқытушы кеңестік-бағыттаушы рөлін атқарады. Танымдық қызметтің басқару функциясы студентке беріледі. Ең бастысы, оқыту процесі студенттер, оқытушылар, әкімшілік және ата-аналар үшін аяқын және түсінікті болады. Сонымен қатар модульдік құзыреттілік технологиясы арқылы оқытуда студенттерге әрбір модуль бойынша тапсырмалар (тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары, өзіндік

ЖАНКҮЙЕРЛЕР ФУТБОЛШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



— Командаға да, жанкүйерлерге де оңай болып жатқан жоқ. Бір ойыннан кейін бірінші айналым аяқталады. Алдағы "Қайрат" командасына қарсы нық ойнауымыз керек. Екінші айналымда жеңістеріміз көбейіп, турнирлік кестеде жоғары орындарға таптыруға тиіспіз. Биыл "Қайсарда" жергілікті мамандар мен футболшылардың көбейгені қуантады әріне. Бірақ намысты қолдан жібермей, аймақ абыройын асқақтатуымыз керек. Біз қандай жағдайда болсын команда жанынан табыламыз. Алматы қаласында жақсы ойнауларыңызға тілекшіміз, — деді Қоныс Өбікен.

Сапар алдында сәттілік тілеген жанкүйерлерге клуб директоры Серік Досманбетов алғысын жеткізді.

— Жанкүйерсіз футболды елестету қиын. 50 жылдан аса тарихы бар команданың қолдаушысы көп екені қуантады. "Қайсардың" жанкүйерлерінің сенімін ақтау үшін команданың футболшылары да, бапкерлері де толассыз дайындық жүргізуде. Біз "Қайсар" жанкүйерлерімен әрдайым мақтанамыз! Ел біріншілігінде алты шепте қолдау көрсететін жанкүйерлердің белсенді тобы Қызылордада қалыптасқан. Сырт алаңда ойнасақ та қолдауын үзген емес. Клуб ұқымы жанкүйерлердің сеніміне сәйкесуі тиіс, — деді Серік Құттыбайұлы.

Айта кетейік, "Қайсар" ертен түзде "Қайратқа" қарсы ойын өткізеді.

«Қайсардың» соңғы сәтсіздіктеріне байланысты Сыр жанкүйерлері чемпионаттағы команданың аяқалысына алаңдаулы. Қасқырлардың жаттығуына команданың бір топ жанкүйерлері қатысып, алдағы ойындарды футболшылармен бірге талқылады. Қызылордалық клубты 1968 жылдан бері қолдап келе жатқан Қоныс Өбікен Сыр жанкүйерлерінің сәлемін аяқдошыларға жеткізді.



Ғалымжан ЖЫЛГЕЛДИЕВ, дзюдодан Қазақстан құрамасының бапкері:

СПОРТШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Токио Олимпиадасының басталуына да санаулы уақыт қалды. Олимп жолдама-сын қоржынға салғандардың дені дзюдошылар. Жапон спортын серік еткен сайыпқырандарымыз Олимпиада алдында Мажарстанға аттанбақ. Будапешт татаминде балуандар әлем чемпионатының жүлдесін сарапқа салатын болады. Жаһандық жарыс алдында бас бапкер Ғалымжан Жылгелдиевке хабарласып, балуандардың бабын білген едік.

Мысалы, Ислам Бозбаевты Сергей Дмитренко жаттықтырды. Оның дайындығына жауапты, өзін қарайды. Кішентайынан дайындаған, жағдайын басқалардан артық біледі. Құрамаға келгенде жоспарға сәйкес, оқу-жаттығу жиындары болады. Соған қатысады. Одан кейін жеке бапкері алып қалып, тактикалық дайындықтарын пысықтайды. Исламның нәтижесінің төмендеп кетуіне әр түрлі себептер бар деп ойлаймын.

Кезінде жақсы күресті. Кейіннен босап қалды ма деп ойлаймын. Жарыс кезінде ескерту алған сәттері де бар. Пандемия кезінде салмағы ауырлап кеткен. Сонымен алысып, көп уақытын салмағын азайтуға келтірумен өткізіп алды. Салмағы өскен соң, адам ауырлайды. Ауырлаған адамның қозғалуы қиын. Сол себепті, сылбыр қимылдағаны үшін жарыста тауысуға алды. Қазір осы бағытта жұмыс істеп жатыр.

Диеттаға мән беруде. Одан бөлек, психологиялық жағына да назар аударып жатырмыз. Енді Ислам 30-ға толады. Кішентай бала емес. Өзі де жауапкершілікті түсінеді деп ойлаймын. Өр спортысын өзін қадағалуы тиіс. Спортқа кәсіби қарым-қатынас қажет.

— Елдос Сметовтен кейін құрамада үміт артатын балуан 73 келідегі Жансая Смағұлов болып тұр. Оның Ташкенттегі Гран-придің финалында жеңілісіне төрешілерді кінәлап жатқандар бар...

— Жансая техникалық тұрғыдан өте мықты. Өте шалшаң, оқу күншіберлігі артып келеді. Ташкенттегі Гран-придің финалына келетін болсақ, дзюдо күресінде аяқтан ұстауға болмайды. Бірақ ол жерде Жансая әдейі ұстайтын деген жоқ. Әдіс жасаған кезде автоматты түрде белден ұстаймын дегенде қолы аяғына тиіп кеткен секілді. Төрешілер сондай жағдайларды қарама-қарсы қарастырады. Әділетті болғандары дұрыс. Ереже бәріне бірдей, қол аяққа тиген соң, басқа амал жоқ.

— Жалғыз бұл емес, халықаралық жарыстарда төрешілердің бiздiң балуандарға әділетсіздік жасайтын жолы байқалып жүр. Сондай кезде шағым түсіру, шешімді өзгерту мүмкін бе? Федерация басшыларымен осы жөнінде сөйлесіп көрдіңіз бе?

— Дұрыс айтасыз, ондай сәттер жиі қайталанып жүр. Азия чемпионатының ширек финалында Елдос Сметовке де кінәят жасалды. Ұят нәрсесі. Ондай төрешілікті ешқашан көрген емеспін. Елдос — әлемдік деңгейдегі спортшы. Қырғыз мемлекетінде осындай жарыс өтіп жатыр екен деп, солай жергілікті балуанды сүйреуге болмайды. Бұл дзюдоға абырой әпермейтін әрекет. Ең болмаса, Елдоспен тең күресіп жатса бір жын еді. Бірақ Сметов оны татаминде сүйреп жүр. Қазір Бақырбайұлы қойып, Бішкекте әділетсіздік жасалды. Кейде осындай жағдай орын алса, шағым түсірмейсіз. Алайда осы жолы ондай әрекетке бармадық. Өйткені елдің бәрі төрешіліктің қандай деңгейде болғанын көріп отырды.

— Бізде жасөспірім және жастар құрамасында жақсы нәтиже көрсеткен балуандар ересектер арасындағы жарыстарға қосылғанда тосылып қалады. Неліктен деп ойлайсыз?

— Жасөспірім, жастар арасында жүлделі болып жүрген спортшыларымыз бар. Солардың бәрін құрамаға жинап, оқу-жаттығу жиындарына шақыру керек. Олар дағын балалар. Жайдан-жай жасөспірім, жастар арасындағы әлем, Азия чемпионаттарынан жүлде алмайды ғой. Ересектер бәсекесіне қосылғанда бірден Қазақстан чемпионатында жүлдеге иілікпесе, тізімнен ысырып тастаған дұрыс емес. Баланың тағдырын бір жарыспен есептемеу керек. Өр түрлі жағдайлар орын алуы мүмкін. Мұндай балаларға мүмкіндік беру қажет. Өйткені олардың «фундаменті» бар. Мысалы, төл шөкіртін Елдос Сметов жастар арасында да әлем чемпионы болды. Кейін ересектер арасындағы додаларда да ұтты. Елдосты осындай жетістікке жеткізу үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Үнемі ізденісте болдым. Қандай әдістер үйрену керек, физикалық жылдамдығын қалай күшейтуге болады, соның бәрін ойластырдым. Сондықтан әрбір жас балуанға жеке-жеке көңіл бөлген дұрыс. Біреуінің қимылы жай болады дегендей. Бір сөзбен айтқанда, әр баланың көңілін тауып жұмыс істеу қажет, жарысқа шығар алдында психологиялық қолдау бірлуді де маңызды.

Бек Телуе

— Келесі айда Венгрияда әлем чемпионаты өтеді. Осы додаға баратын құрама анықталды ма? Қазір дайындық қалай жүріп жатыр?

— Әлем чемпионатына дайындық Алматыда өтеді. Будапештке баратын балуандар белгілі. 60 келіде Ғұсман Қырығбаев, Мәжжан Шамшадин, 66 келіде Елдос Жұмақанов, 73 келіде Жансая Смағұлов, Ақсарбай Ғайнуллин, 81 келіде Дидар Хамза, 90 келіде Ислам Бозбаев пен Ерсултан Мұзаппаров барады. 100 келіде ешкімді қоймадық. Оның себебі, бұл салмақта Олимпиадада лицензия алатын ешқандай үміт жоқ. Аса ауыр салмақта яғни 100 келіден жоғары салмақта Ерасыл Қажыбаев күреседі.

— Сонда еліміздің басты үмітшісі Елдос Сметовты өлем чемпионатына бармайды ғой?

— Елдос қазадан бастап, Олимпиада ойындарына дайындалады. Сосын осындай шешім қабылдадық. Ол өлем чемпионатына бармайды. Тек қана Олимпиада ойындарына дайындық жүргізу қажет. Жарақаты бар, соны емдеу керек. Физикалық жаттығуларға көңіл бөліп отырмыз. Елдос әлемдік рейтингте үшінші орында тұр. Бірінші және екінші орын жапониялық балуандарға тиесілі. Олимпиадаға бір елден бір балуан қатысады. Сол жағынан қарасақ, Елдосты рейтингте екінші орын деп айтуға болады.

— Әлем чемпионатына қайін кейін рейтинг қыбылады. Сол кезде Олимпиадаға кімдердің жолдама алатыны толық белгілі болады. Дегенмен өздеріңіздің болжамдарыңыз қандай? Қанша салмақта жолдама алуға шамалымыз жетеді?

— Токио Олимпиадасына алты салмақта барсақ деген үмітіміз бар. 100 келіге дейінгі салмақта ешкім болмайды. Қалған салмақтардағы балуандарымыз Токио татаминде күресіп жатса да, жаман емес. Өлем чемпионатынан кейін рейтинг қыбылады. Нақты кімдердің жолдама алатынын сол кезде білеміз.

— Пандемияға байланысты бытыр жарыстар өтпеді. Бірақ қаңтар айында турнирлер қайта жалғасты. Дегенмен әлемдік додаларда жолымыз болмай жүр. Мұның себебі неде?

— Мен ресми түрде ел құзыметке желтоқсан айында кірістім. Жоспар бойынша желтоқсанда Азия чемпионаты өтуі тиіс болатын. Бірақ ол дода кейінге шегерілді. Өйтпесе қазан айынан бастап, бас бапкер болмай тұрып, осы жарысқа дайындалғанбыз. Бұл жағдай бізге қатты әсер етті. Оның себебін түсіндірейін. Өйткені Азия чемпионатында нәтиже көрсеткен балуандарға ұлай беріледі. Сол тұста Африка, Еуропадағы құрлық біріншіліктері өтіп жатыр. Ел жақтың балуандары қаңтар айында Дохадағы «Мастерс» турниріне келіп, қалған қажетті ұлайларын жинап алды. Ал бізде Ерасыл Қажыбаев Дохаға бара алмай қалды. Егер желтоқсанда Азия чемпионаты өтіп, бір-ең балуанды жеңгенде ТӨП-36 сәттарына еніп, «Мастерс» турниріне қатысар еді. Қағардағы жарыста көп ұлай уәстелірілді. Жай ғана қатысуды өзіне 200 ұлай берді. Ол айдан спортшыларға маңызды еді. Рейтингіте көрсеткіштерін жақсартып алуға керемет мүмкіндік қой.

— Иә, жарты жылдың ішіндегі нәтижені бағалайтын болсақ, балуандардың көрсеткіштері төмен...

— Пандемия кезінде жігіттердің көбісі босап қалды. Салмақтары артып, қайта қалыңға келгенге көп уақыт өтті. Команданы Рио Олимпиадасынан кейін бірден алып дайындағанда, басқаша болар еді. Мен дәл уақыт жағдайындағы жұмысқа кірістім. Уақыт жағдайына тиген. Соған қарамастан барыша қолдан келгенді істеп жатырмыз. Дохада, Тель-

Авиете, Ташкентте әлемдік бәсекелер өтті. Соңғысында екі күміс алдық. Оның өзі біз үшін жақсы көрсеткіш. Гранд-спэлм, Гран-при, Азия чемпионаты секілді жарыстардың барлығы — Олимпиада ойындарына іріктеу болып саналады. Бұл бәсекелерде ұлайлар беріледі. Сондықтан бәсекелестік жоғары.

— Рақов құрамадан кеткелі оның салмағы ойсырап тұр. Айбек Серікбаевтың тәжірибесі аз екенін жарыс сайын көрініп қалып жүр. Жалпы бұл жағы алда қалай болады?

— 100 келі салмақта Максим Рақовтан кейін оның ізін басатын балуан болмай тұр. Максимнің өз құрамымен бірге оқу-жаттығу жиындарында жүріп, білетін әдістерін жастарға көрсеткенде қандай керемет болар еді. Өзінің салмағына бір спортшыны қалдырып кеткенде, қазір мұндай мәселе туындамас па еді деп ойлаймын. Бірақ осы күні Макс бизнестің жолында жүр. Бірақ ол кезде бас бапкерлер тәртіпте ма екен? Ол кезде мен болған емеспін. Сондықтан ол жағдайдан хабарым жоқ. Бұл салмақта биыл ешкім Олимпиадаға бара алмайды. Ешқандай үміт жоқ, Айбек Серікбаев жаттығуда аянып қалмайтын балуан. Айтқанымыздың барлығын істедім. Мүмкін Айбектің қатысқан жарыстары аз болып қалды ма? Бұрынғы бас бапкерлер Айбекті Максим Рақовтың қасына қосып, осы салмақтағы тағы жас балуандарды бірге дайындағанда дұрыс еді. Тек бір ғана балуанды тасып жүргеннен нәтиже аз болады. Бір салмақта бірнеше балуан жүрсе, бәсекелестік туындайды.

— 10 жылдан бері жанкүйерлер Ислам Бозбаевтен үміттенген емес. Оның да жасы биыл 30-ға келді. Токио Олимпиадасы соңғы бір мүмкіндігі секілді көрінеді. Алайда соңғы жарты жылдағы күрес еш нәтиже бермеді. Үнемі маңызды сәтте оның жолын Шидо кеседі. Жалпы Бозбаевке төрешілер қарсы ма өлде расымен сылбыр күресіп жүрсің ала ма?

— Бұл тақырыпты қозғамын келіп тұрған жоқ. Өйтпесе айта аламын. Бас бапкер болып енді тағайындалсам да, құрамада бұрыннан бармын. Сондықтан балуандардың әлеуетін жоғалап білемін. Өйткені көріп, қадағалап жүремін. Өр спортшының өз жеке бапкері бар.

ЖОЛДАМА САНЫ АРТТЫ

Иордания астанасы Амманда өтіп жатқан тазквондодан Олимпиада ойындарына жолдама беретін Азия құрлығындағы іріктеу жарысында екі спортшымыз финалға шығып, өз қоржынына кезекті Олимпиада жолдамасын салды.



Аммандағы жарыстың екінші күнінде қызыл артында 67 келі салмақта Қазақстан құрамасынан сығға түскен Жансәл Дениз жартылай финалда тажікстандық Мохру Халимованы 12:2 есебімен жеңіп финалға шықса, ерлер арасында бақ сынаған Руслан Жапаров (+80 кг) та қарсыластарын қоғайда жапырып, финалда жолдама алды. Ол жартылай финалда Халықаралық тазквондо федерациясының атынан шыққан ирандық спортшы Амири Али Акбарды 31:20 есебімен ұтты.

Іріктеу жарысының ережесі бойынша, финалға шыққан екі спортшы автоматты түрде Олимпиада лицензиясы беріледі. Сөйтіп, 2016 жылы Бразилияда өткен Олимпиада ойындарында да өнер көрсеткен Руслан мен Жансәл өздерінің екінші Олимпиадасына қатысуға мүмкіндік алды.

Қазірше Қазақстан құрамасы Жапонияда жалауы желбірейтін Жазғы Олимпиада ойындарына жалпы саны 55 жолдама жеңіп алды.



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК
ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

көзқарасымыз бірдей, – дейді Әсия. Әсия қалай дегенде өз пікірін ашық

қызығушылығы аз, олай дейтінім, қазіргідей технологияның қараштан дамыған заманында

Бүгінде Әсия Нұрлыбаева инстаграм әлеуметтік желісінде өте белсенді. Оның әр посты оқырмандардың қызығушылығын тудыруда. Өмірлік ұстаным, жауапкершілік, отбасын берік ұстау тақырыбындағы сан-саалы сұрақтарға жауап беру де, Әсияның таныстырудың өзі әбестік шығар. Себебі көгілдір экран тамашалайтындар үшін Әсия көпшілікке танымал. “Журналистика қыз балаға ауыр мамандық” деген сөзді осы уақыт аралығында жиі естідік. Оған көзіміз де жетіп келеді. Десе де ауырталығына шыдап, қиындығына төтеп беріп келе жатқан мамандық – Әсияның өз қалауы.

Әсия НҰРЛЫБАЕВА,
QYZYLORDA телеарнасының тележүргізушісі:

ЖУРНАЛИСТ КӨП ТІЛДІ БОЛУ КЕРЕК

– Бұл салаға келуімнің өзі қызық болды. Бала кезімнен журналистика саласына жақын болдым, бос уақытымда шығармашылықпен айналысып, өлең жазып, мәнерлеп оқудан түрлі мұшайраларға қатысып, жеміп-жасатып жүрдім. Бірақ мектептегі мұғалімдерім қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуға кеңес берді, отбасым, ата-анам дәрігер мамандығы қыз балаға тән деп, сол салаға бет бұруымға үгіттеді. Дегенмен жүрек қалауым журналистика болған соң, мектепті бітірген соң Алматыға барып Сүлеймен Деміреп университетінің журналистика мамандығына шығармашылық емтихан тапсырып, жоғары балл жинадым. Қазақ-


түрік университетінде мемлекеттік грант болмағандықтан журналистика мамандығына қосымша қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің мемлекеттік грант иегері атандым. Алғашқы еңбек жолымда да аймақтың жетекші арнасы “Қызылорда” телеарнасында редакторлық қызметтен бастадым. Ал жолдасымның пікіріне келсек, оның менің мамандығымға көзқарасы жақсы. Өйткені өзі де осы облыстық телеарнада талай жылдар бойы режиссерлық қызметте болды. Бізді таныстырып, табыстыраған осы облыстың арна. Сондықтан екеуміздің өнерін деген, мамандыққа деген

айтады. Қай істе, қай тақырыпта болсын жасырып қалу, үндемей отыру деген жоқ. Танысы болсын, тамыры болсын ұнамаған нәрсені жасырып қалмайды. Оның бүгінге дейін жеткен жетістіктері көп. Алдағы уақытта да қол қусырып қарап отыратындар қатарында емес.

– Қазақ журналистикасына жетіспейтін дүниелерді, көпшілікке жеткізіп, айтпауға мен үшін әлі де ерте сөзімді, өйткені бұл салада жұмыс жасағанымға ұзақ уақыт бола қойған жоқ. Демек, менің бұл салаға қатысты өзіндік пікірім де бар. Қазіргі журналистердің басым бөлігін жастар қауымы құрайды. Ал жас журналистердің кітап оқуға деген

барлығымыз қажетті мәліметті ғаламтордан іздейміз, ғаламтордан аламыз, тіпті үйренетін дүниені де осы ғаламтордан аламыз. Ал бұл – бүгінгі күннің ең өзекті проблемасы. Сондықтан журналист боламын дейтін немесе журналистика саласында жүрген әрбір жас кітап оқуға тоқтамай, білімін шыңдай түсіп, көп ізденуі қажет. Тағы бір айта кететін жайт, қазақ журналистерінің тек бір тілмен ғана шектеліп қалуы. Құн санап заман өзгеріп, ғалам дамып, ақпараттар жылдам алмасуда. Ал әлемдік деңгейдегі мәселелерді көңілге білу үшін де тіл меңгеру қажет. Сондықтан журналист, меніңше, жан-жақты, көптілді болу керек, – дейді ол.

СТИВ ДЖОБС ҰСЫНҒАН 6 ЖАТТЫҒУ



Стив Джобс – американдық өнертапқыш. Ол көптеген жылдар бойы мида дамыту үшін төмендегідей жаттығулар жасаған.

Логикалық ойындар

Жаңа мақсаттар миға серпін береді. Сондықтан айналыңызға қарап, мына сұрақтарға жауап іздеңіз: «Жұмыста қанша баспақпақ бар?», «Қоғамдық көлікте қанша жолаушы үстіне бірдей түсті киім киген?», «Жанымнан өткен екі көліктің немірін бір-біріне қосқанда қанша болады?», «Қонақ бөлмедегі кілемнің қанша ояу бар?». Осындай сұрақтарды құрастырып алыңыз.

Күнделік жазыңыз

Көп адам үшін күнделік жазу әдетке айналған. Барлығы өз ойын белгістін құрал іздейді. Күнделік жай ғана жазба емес, әлдебір іс-әрекетті қалыптастыруға арналған көмекші құрал. Қолымызға қалам алып өз-өзімізге үйленген сәтте ми тапшықтығы орынп, өзіңізді айнадан көргендей боласыз.

Тыныштық

Стив Джобс ұсынатын келесі жаттығу – тыныштық. 30 минут тыныштықта отырып тек бір ғана затты ойлаңыз. Басқа ешбір дүниеге алаңдамаңыз. Бастапқыда 5 минуттан бастаған жөн.

Өзіңізге тәжірибе жасаңыз

Адам мына кірпі шықпайтын 12 істі жасайды. Мысалы, 20 жасқа жетуі үшін шығыңыз. 12 сағат бойы тамақтанбаңыз. Таңғы асыңызды ыңғайсыз әрі бұрын-соңды тамақтанбап көрмеген орында ішіңіз. Бір тәулік бойы сөйлемейсіз. Түні бойы көз ілмей жұмыс істеуге кінәтсіз.

Жұмысқа басқа жолмен барыңыз

Сізді сергек етіп, жаңа ақпаратты есте сақтау үшін қолданылады. Мысалы, бұрылыстар, кише атаулары мен нумарлар сәтін сәтін ойлануыңызға итермелейді.

Кітап оқыңыз

Білімімізді байытып, танымсымызды көңейтіп – кітап. Кітап оқып отырып қиялдаңыз, рухани ләззат аласыз. Миға демалыс сыйлайсыз. Миыңыздың жұмыс істегенін қаласыңыз, оған уақыт бөліңіз. Қоғамда, қанда ғана әр нәрсенің шешімін тез табатын ұшқыр ойлы адамға айналасыз.

Жаңа тілді үйрену

Қандай тіл екені маңызды емес. Жаңа тілді үйрену уақытты қажет етеді. Бірақ күніне 10 сәт жаттасңыз, миыңыз жақсырақ жұмыс істей бастайды. Сонында тіл де меңгеріп шығасыз.

Эмоцияны ұстай біліңіз

1 сағат бойы эмоцияға берілмей әрекет етіңіз. Сізге қойылған сұрақтарға ықшама жауап беріп, ортаныңда қарапайымдылықты сақтап үйреніңіз.

Ағылшын тіліндегі қызықты сленгтер

Ағылшын тілінде жыл сайын жаңа сөз қатарға қосылып, енді бір сөз қолданыстан шығады. Назарыңызға жаңа сленгтерді ұсынамыз.

МЕРГЕН

Сәтін ақтап тосын сыйлар мен сыйсызпаттар күнін тұр. Ессені өзіндік де мол қаражатты жұмсап жібересіз. Бірақ алаңдамаңыз, жұмсалған ақша текке кетпейді. Келіссөз жүргізуде өзінше тиесілі дүниені иемденесіз.

ТАУЕШКІ

Ойламаған жерден мол табысқа ие боласыз. Жылжымайтын мүлік немесе көлік аламын деп жүрсеніз, сол ойыңызды жүзеге асырыңыз. Денсаулығыңызға көп көңіл бөліңіз. Өзіңізден жасы үлкен әріптестердің арқасында қызметте жоғарылауыңызға ғажап емес.

СҰҚЫҒЫШ

Жетістікке жетуге деген тапшылығыңыз оң нәтижесін береді. Мықты маған ретінде сұранысқа ие боласыз. Достарыңызбен және сүйіктілеріңізбен қарым-қатынасыңыз жақсара түседі. Орын алып жатқан жағдайлар сізді көп алаңдаптайды.

БАЛЫҚ

Өте керемет ақта. Сауда жасауға да қолайлы. Демалыс күнінде жақсы өткізесіз. Көпшілік ортада сіздің беделіңіз артып, қоршаған ортаның ерекше назарында боласыз. Қарапайым жүріп денсаулығыңызға көңіл бөлуі ұмытпаған дұрыс.

Дайындаған Ботакөз ӨБДЕН

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

JULDYZ - JORAMAL

(27 мамыр – 2 маусым)

ТОҚТЫ Тағдырға қарсы келемін деп әуре болмаңыз. Алтада жолыңыз болмағандымен, келер күні барлығы сәттен болады. Қарапайым қалпыңызды сақтаңыз. Әріптестердің қызғанышын тудырудан аулақ болыңыз.	ТОРПАҚ Сырт келбетіңізге мән беріңіз. Мақсатқа жету үшін біраз қадамдарға барасыз. Бірақ ойыңызды, жоспарыңызды құпия ұстаныңыз. Өзіңізге достарға тіс жармаған дұрыс.
ЕГІЗ Барлығы бірдей сіздің талаптарыңызбен жүруге міндетті емес. Өзгелердің талаптарына түсіністікпен қараңыз. Өйтпесе жаңындағылардың жоғалтып алуыңыз мүмкін немесе сізден көбісі теріс айналады.	ШАЯН Өз көзқарасыңызды, өзгелер туралы пікіріңізді өзгертіңіз. Жақын адамдарыңмен қарым-қатынасыңызды алмақтап, түсінісушіліктер орын алуы мүмкін. Қиялға ерік беріп, біраз уақытты жоғалтып аласыз.
АРЫСТАН Кәлік алып, жағымды жаңалық жасап немесе белсенділік танытатын апта. Көтеріңкі көңіл-күй мен белсенділігіңіздің арқасында аяқталмаған біраз шаруаны тындырасыз.	БЕКЕШ Істеріңіздің барлығы алға басады. Бұл қарсыластардың қызғанышын тудырады. Үлкен кісілермен және лауазымды тұлғалармен сөйлескенде абай болыңыз. Аңғармай сөйлеп, олардың көңіл-күйін түсіріп алмаңыз.
ТАРАЗЫ Ұнатқан жаңа сөз салып, жүрегіңіздің иесін табатын уақыт келді. Шаңырақ құруды жоспарлап жүрсеніз, нағыз сөз байласатын уақыт. Алта қандай істі болсын бастауға ең қолайлы. Келген бері оялаған істі жүзеге асырасыз.	САРЫШАН Серіктестермен қарым-қатынаста абай болыңыз. Туындаған мәселенің барлығын тез арада шешіп отырыңыз. Бастысы, шешімді дұрыс шығара біліңіз. Еңбегіңіз ескерілуі қалмайды. Бұл – сіз үшін жеңіске жететін апта.

ҚАЗАҚ Қазақтардың қызығушылығын тудыруда. Өмірлік ұстаным, жауапкершілік, отбасын берік ұстау тақырыбындағы сан-саалы сұрақтарға жауап беру де, Әсияның таныстырудың өзі әбестік шығар. Себебі көгілдір экран тамашалайтындар үшін Әсия көпшілікке танымал. “Журналистика қыз балаға ауыр мамандық” деген сөзді осы уақыт аралығында жиі естідік. Оған көзіміз де жетіп келеді. Десе де ауырталығына шыдап, қиындығына төтеп беріп келе жатқан мамандық – Әсияның өз қалауы.	ҚАЗАҚ Қазақтардың қызығушылығын тудыруда. Өмірлік ұстаным, жауапкершілік, отбасын берік ұстау тақырыбындағы сан-саалы сұрақтарға жауап беру де, Әсияның таныстырудың өзі әбестік шығар. Себебі көгілдір экран тамашалайтындар үшін Әсия көпшілікке танымал. “Журналистика қыз балаға ауыр мамандық” деген сөзді осы уақыт аралығында жиі естідік. Оған көзіміз де жетіп келеді. Десе де ауырталығына шыдап, қиындығына төтеп беріп келе жатқан мамандық – Әсияның өз қалауы.
ҚАЗАҚ Қазақтардың қызығушылығын тудыруда. Өмірлік ұстаным, жауапкершілік, отбасын берік ұстау тақырыбындағы сан-саалы сұрақтарға жауап беру де, Әсияның таныстырудың өзі әбестік шығар. Себебі көгілдір экран тамашалайтындар үшін Әсия көпшілікке танымал. “Журналистика қыз балаға ауыр мамандық” деген сөзді осы уақыт аралығында жиі естідік. Оған көзіміз де жетіп келеді. Десе де ауырталығына шыдап, қиындығына төтеп беріп келе жатқан мамандық – Әсияның өз қалауы.	ҚАЗАҚ Қазақтардың қызығушылығын тудыруда. Өмірлік ұстаным, жауапкершілік, отбасын берік ұстау тақырыбындағы сан-саалы сұрақтарға жауап беру де, Әсияның таныстырудың өзі әбестік шығар. Себебі көгілдір экран тамашалайтындар үшін Әсия көпшілікке танымал. “Журналистика қыз балаға ауыр мамандық” деген сөзді осы уақыт аралығында жиі естідік. Оған көзіміз де жетіп келеді. Десе де ауырталығына шыдап, қиындығына төтеп беріп келе жатқан мамандық – Әсияның өз қалауы.

АҚМЕШІТ
жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 758